

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
УЎЗІРЛІГІ

НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

Шет тилдер факультеті

«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы

КӘСІПТІК БІТІРУ ЖҰМЫСЫ

ТАҚЫРЫП:

*«Әдебиет сабақтарында жергілікті ақын-жазушылардың
шығармаларын оқыту»*

ОРЫНДАУШЫ:

Қанатова А.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ:

Узақбаева Ж.Х.

Науаи – 2014

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1. ТАРАУ. Жас ұрпаққа жергілікті әдебиет арқылы рухани

құндылықтарды таныстыру.

1.1. Туған жерді тану, оны бағалау – қазіргі жастар тәрбиесіндегі өзекті

мәселе-----6-14

1.2. Сүйер ұлың болса сен сүй...-----15-18

2. ТАРАУ. Туған жер топырағындағы әдебиет өкілдері.

2.1. Өлеңінде ешбір ғасыр өшіре алмас өрт жатыр-----19-31

2.2. Өмірі өлеңге, өлеңі өмірге айналған ақын-----32-52

2.3. Тақырыпты жаңа технологиялар негізінде оқыту -----53-62

Қорытынды ----- 63-64

Пайдаланылатын әдебиеттер ----- 65-66

КІРІСПЕ

Оқушыларға әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын – жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек.

«Көркем шығарма - әдебиеттің құндылығы. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру.» - деген болатын әдебиет зерттеуші – ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев.

Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл – оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние.

Қандай жақсы көркем шығарма болмасын оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз.

Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс – тәсілдерді орнымен қолдану қажет.

Мен «Әдебиет сабақтарында жергілікті ақын-жазушылардың шығармаларын оқыту» тақырыбына жазған кәсіптік бітіру жұмысымда жерлес ақындар шығармаларын тереңірек оқыту арқылы осы мақсатты көздедім.

Тақырыптағы үйрену дәрежем озат педагогтардың, озат тәжірибелерін жинақтай отырып іске асыруға әрекет жасадым.

Адам білмеген, түсінбеген нәрселерін өмір тәжірибесінен өткеннен кейін, сол мәселенің өзін ой елегінен өткізіп, оны білуге, түсінуге қарай

ауысады, аяқ басады. Өмірдегі құбылыстардың ойы мен қыры, сыры мен санасы – ұшан теңіз. Бұл тұрмыста кездесетін шындық.

Тақырыптың жаңалығы осы тұрғыдан алғанда, жергілікті ақындар поэзиясы арқылы әдебиет пәнінің құрылысында ерекшеліктерін, оның заңдылықтарын тереңірек ұғындыру. Сол ерекшеліктерді, заңдылықтарды үйретуде жастарға жүйелі білім, жан – жақты тәрбие беруде халық педагогикасының да, жаңа технологияның да мәң – маңызын үйрету.

Менің кәсіптік бітіру жұмысымда алға қойған мақсатым:

- Оқушыларды жеке тұлға ретінде ала отырып, олардың іс-әрекет түрлерін мақсатты қалыптастыру, дербес ізденуге баулу;
- Білім алуға деген ынтасы мен іскерлігін, оқу-танымдық қажеттілігін қалыптастыруға жетелеу;
- Ұлттық, аймақтық, пәнаралық байланыстар арқылы артыру.
- Оқулықтың білім көзі, әрі өз бетімен білім алудың дидактикалық үлгісі екендігін ескеріп, онымен жұмыс арқылы оқушылардың ынтасы, танымдық іс-әретін басқару, ұйымдастыру.

Менің кәсіптік жұмысымның маңыздылығы:

- Даралап, саралап оқыту.
- Тапсырмалардың дамытушылық дәрежесін көтеру.
- Оқушылардың өзіндік пайымдауларын, бағалауларын, қорытындылауларын мұғалім түсінігімен толықтыра отырып, енді оны ғылымиландыру, іргелі терең білімге бағдарлау.
- Дүниетанымдық, ой-өрістері мен іскерлік дағдыларын жетілдіретін, жеке тұлғаны дамытуға әсер ететін қосалқы материалдарын білім беру.
- Оқушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын молайту.

Тақырыптың өзектілігі кәсіптік бітіру жұмысы қазақ әдебиетін оқыту методикаларына білім берудегі инновацион технологиялар негізінде білім беру жолдарына сүйеніп жазылған. Кәсіптік бітіру жұмысын жазу барысында озат, тәжірибелі оқытушылардың әдістерінен пайдалануға тырыстым, ынтымақтастық педагогикасын қолдадым. Ынтымақтастық педагогикасы –

тәжірибелі ұстаз бен жаңалыққа жаны құштар шәкірттің бір-біріне ізгілік қарым-қатынасы. Баланың тұлға ретінде дамуына мектеп ұжымы, ата-ана, мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық әсері зор.

Кәсіптік бітіру жұмысым үш бөлімнен тұрады.

I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлім.

III. Қорытынды.

Тақырыптың практикалығы кәсіптік бітіру жұмысы қазақ әдебиетін оқыту методикасы пәнінен білім берудегі әдіс-тәсілдер негізінде білім беру жолдарына сүйеніп жазылған. Кәсіптік бітіру жұмысын жазу барысында озат тәжірибелі оқытушылардың әдістерінен пайдалануға тырыстым.

Кәсіптік бітіру жұмысымдағы көзделген мақсат тәлімнің жаңа моделін іске түсіріп, жастардың білім алу жолдарын бүтіндей өзгерту, еркін пікірлеуші, еркін көзқарасты жасты өркендету.

1. ТАРАУ.

1.1. Туған жерді тану, оны бағалау – қазіргі жастар тәрбиесіндегі өзекті мәселе

Тәрбие дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүние-танымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан игі адамды тәрбиелеу. Жас ұрпақты ақыл-ой әрекетімен қатар іскерлікке машықтандыру, еңбек етуге бейімдеу, оқушылардың өзіне деген сенімін арттыру – тәрбиенің негізгі мазмұны. Осы мақсаттарды іске асыруда оқушыларды өзін-өзі басқаруға үйрету, ұжымдасып еңбек етуге, ізденуге баулуда ұстаз еңбегінің маңызы өте зор.

Қазақ әдебиетінің ірі өкілі Жүсіпбек Аймауытов ұстаз қызметін «Ұстаз – шәкірттерге сабақ берумен, білім үйретумен шектелген маман иесі емес, ол шәкірттерінің алдағы өмірін көз алдына келтіріп, өз басынан кешірген тәжірибесіне таянып, келешекте жазатайым аяғын шалыс басып, өмірден соққы жеп, өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушысы, қамқоршысы» деп бағалаған.

Сондықтан әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Жастарды тәрбиелі, сапалы, саналы етіп даярлап шығару заман талабы, оқытушы ұстаздар-дардың міндеті, өйткені олар – біздің болашағымыз.

Қазіргі оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Білімді өз бетінше іздену арқылы алуға қолайлы жағдай жасау – сол қағидалардың бірі. Білімді өздігінен іздене игере алу – жан-жақты білімділіктің өте зор құралы. Сондықтан, бұл әдістің оқытудағы маңыздылығы да шексіз.

Баланы кішкентайынан кітап оқуға дағдыландыру, жетілдіру аса маңызды. Ол баланың тіл байлығын өсірумен бірге логикалық ойлау қабілетін жоғарылатады, оларға өмірдің құнын ұғындырады, ұлылар ұлағатын қабылдатады. Өздігінен ізденіп кітап оқу арқылы оқушы жас шағында уақыттың қадіріне жету, уақытты қастерлеу, біртіндеп ілгерілеу сынды асыл қасиет қалыптастырады. Ал бос уақытын мәнсіз өткізген баланың тұтас өмірі де құнсыз нәрселер үшін сарп болары хақ. Олай болса, әдебиет пәні мұғалімі оқушылардың көркем шығарманы өздігінен ізденіп оқуы үшін жағдай жасап, дұрыс бағыттама беріп отыруы қажет.

Әдебиет сабақтарында оқушылар ақын-жазушылардың шығармашылығына байланысты мәліметтер алады. Бірақ, жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру үшін бұл жеткіліксіз. Сондықтан, қазіргі өсіп келе жатқан адамның қабілет, қасиеттеріне ықпал ететін тәлім-тәрбиелік қуаты зор аймақтық білім беру бағдар-ламасы өмір қажеттілігінен туындағанын байқауға болады. Бұл аймақтық бағдарлама - жас ұрпаққа туған өлкесіндегі әдебиет мүмкіндіктері арқылы рухани құндылықтарды таныстыру мен меңгертуге бағытталған.

Жергілікті әдебиет оқушыларды оқытуға, тәрбиелеу мен дамытуға мүмкін-діктері шексіз, өйткені, олар жеке адамның танымына, эмоциясы мен жігеріне, іс-әрекетіне, мінез-құлқына әсер етеді. Жастардың туған өлке әдебиетіне бала кезінен жақын болғаны және туған өлке әдебиетін зерттеп талдау, өзіндік ерекшеліктерін көре білуі қазіргі тәрбие ісін ойдағыдай жүргізуге көмектеседі.

Ол үшін:

- а) жергілікті ақын-жазушылардың шығармаларының озық үлгілерін педагогика ғылымы мен мектеп, колледж практикасына нысаналы түрде пайдалану;
- ә) жергілікті ақын-жазушылардың мұрасын жалпы білім беретін мектеп, колледждердегі оқылатын әдебиет пәнінің мазмұнына енгізу;

б) оқу-тәрбие процесінің практика-сында жеткіншек ұрпақты туған өлке ақын-жазушыларының шығармалары арқылы тәрбиелеу үшін тарихи қалыптасқан тәрбиенің түрлері мен әдістерін пайдалану қажет.

Әр заманның өзінің көкейкесті мәселелері болады. Халық өмірімен тығыз байланысты, халық үшін еңбек еткен ақын немесе жазушы сол түйінді жайларды көтеріп, оқушысына белгілі бір ой, шешім ұсынып отырады. Заман тудырған мәселелерді таңдап, талғап ала білу, оның көркем шешімін таба білу, сөз жоқ ақын, жазушыдан тек шеберлікті ғана емес, өз ортасының алдыңғы қатарлы адамы бола білуді талап етеді.

Бағалай білсек, халықтың маңдайына біткен абзал азаматтары, ардагерлері, арыстары аз емес. Сондай азаматтарды айтқан кезде жергілікті әдебиетімізге өзіндік өрнек салып жүрген жерлес ақын-жазушыларымыз еске түседі. Осы асылдардың есімін құрметтеп, қымбат мұрасын сақтау, қадір-қасиетін өзіміз тану, өзгеге таныту, оларды ардақтау, қастерлеу – біздің баршамыздың елдік, әрқайсысымыздың перзенттік парызымыз.

Сүйер ұлың болса сен сүй,

Сүйінерге жарар ол,- деп ұлы Абай айтқандай, халықтың рухын асқақтататын, елді біріктіруге, ұлтты тұтастыруға қызмет ететін жергілікті ақын-жазушыларымыздың шығармаларының келешек ұрпаққа берер тағылымы мол.

«Жергілікті әдебиет» - бұл Төлеген Айбергенов, Өмірзақ Қожамұратов және тағы да басқа көптеген ақын-жазушылардың арттағы ұрпаққа қалдырар мұрасы, бұл халқымыздың өткені мен қазіргісі, бұл біз үшін естелік. Осы мұраны ары қарай, болашақ ұрпақтарға, артымыздан ерген балаларымызға жеткізу – біздің парызымыз. Бұл - оқушыларымызды ата-баба мұрасына, дәстүрлі туған өлке шығармаларындағы игі қасиеттерге ұқыпты болуға, оларды қастерлеуге тәрбиелейді. Сондықтан, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар елін, жерін ерекше құрметтеп өсер ұрпақтарымыздың көп болатындығының кепілі.

Жоғарыда жақсы білімділіктің кепілі – білімді өздігінен ізденіп алу деген едік. Жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығын меңгертуді дәл осы әдіспен жүргізген өте тиімді. Себебі, бұл жұмыс мақсатты түрде жүреді де оқушының қызығушылығын туғызады. Ал, қандай да бір жұмыстың нәтижелі болуы баланың бойындағы құмарлығына, қызығушылығына тікелей байланысты. Сөзіміз дәлелді болу үшін, біздің білім ошағымыздағы әдебиет пәні сабақтарында қандай іс-шаралар атқарылып жатқандығына тоқталайық.

Мен қызмет ететін білім мекемесінде дәріс алушылардың басым көпшілігі жасөспірімдер, топтарда әртүрлі тәрбиедегі, әртүрлі деңгейдегі, қабілеттіліктері де әртүрлі оқушылар отыр. Оқытушы ретінде олардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, жан-жақты тәрбиелеу – міндетіміз. Сондықтан, әдебиет сабақтары бір сарынды болып, балаларды жалықтырмас үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, түрлендіруге тырысамыз. Мұндағы басты міндет - дәріс алатын оқушылардың «мұғалім сабақ сұрайды» деп қорықпай, әдебиет сабағына оқу еңбегі үшін келу керектігін ұйымдастыра білу. Әдеттегі дәстүрлі әдебиет сабақтарында оқушылар оқыған шығармасын қайта мазмұндап айтып беруге үйренген. Мұның да өзіндік пайдасы бар екендігі даусыз.

Дегенмен, оқығанын қайта айтып беру шәкіртті ойға жетелемейді. Бұл күнделікті қайталана берсе жалықтырады. Сондықтан, оқушыны оқи білуге үйрету, яғни оқығанын талдай білуге, түйіп, түсініп оқуға баулыған дұрыс. Осы мақсатты жетекке ала отырып жасалған жұмыстар біршама жетістіктерге жеткізеді.

Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту - әдебиет мұғалімінің негізгі міндеті. Егер оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету қажет болса, онда баланың қабілетін түрлі әрекетті көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет. Зерттеу – дарынды балаларды оқыту негізі. Онсыз баланың потенциалды қабілетін ашу, дамыту мүмкін емес. Ендеше, оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен

техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесетін әдіс-тің бірі – жобалау технологиясы.

Мемлекеттік бағдарламаның мазмұны бойынша жоспарланған тақырыптарды оқушылардың өздері ізденіп, меңгеруге талпынғандары әжептәуір жетістіктерге жеткізді. Бұл жұмыс тиімді болу үшін жобалау технологиясының әдіс-тәсілдерін қолданғанымыз дұрыс болды. Себебі, жобаны қорғауға дайындалған оқушы өз бетінше ізденіп, қыруар шаруа атқарады. «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар», «Өзі пісірген астың күйігі де тәтті» деп тегін айтпаған. Белгілі бір ақын-жазушының шығармашылығын жобалау технологиясы бойынша зерттеп, қорғаған оқушылардың жеткен жетістіктеріне тек мұғалім ғана риза болып қоймай, осы істен оқушы-лардың өздері де пайдалы тәжірибе алады.

Бұлардың барлығы біздің әдебиет сабақтарында күнделікті атқарылып жатқан істер. Дегенмен, қазіргі заман жағдайларын ескеретін болсақ балалардың көпшілігі болашаққа қажет болар-ау деген нәрселерге жіті мән беріп, ойланады. Сол себепті, оқушылар нақты іс-әрекетке бағытталған шараларға қызығады. Осы кезеңде жастарды қазіргі заманның өзекті мәселелері толғандыратыны белгілі.

Сондықтан, күнделікті сабақтарда алған тәжірибе-білімдерін басшылыққа ала отырып, оқушыларды өңіріміздің белгілі ақын-жазушыларының шығармашылығын зерттеу жұмыстарына тарттық. Басында салғырттау тыңдалып, салқын қабылданған ұсыныс, атқарылар істің мақсаты айқындалған соң қызығушылық туғызды. Алдымен оқушыларға бірнеше тақырыптар ұсынылып, таңдау берілді, яғни оқушы тақырып таңдаған кезде белгілі бір оймен, мақсатпен ұмтылыс жасады. Сондағы байқағанымыз, тақырып таңдаған шәкірттер ақынның немесе жазушының өз жерлесі болғанын қалап әрі оның елге танымалдығына көңіл аударған екен.

Мәнерлеп оқу – балалардың ой жүйесін, тілін, мінез-құлқын, адамгерші-лігін қалыптастыратын ауқымы мол, қадір-қасиеті биік жұмыс,

оқыту мен тәрбиелеу ісінің құрамдас бөлігі. Тіл тағдыры – ел тағдырына айналып отырған қазіргі жағдайда мұндай сайыстар оқушы бойында биік эстетикалық талғамды дамытады, өнер туындысындағы, табиғаттағы, адамдар қарым-қатынасындағы жарасымдылық пен әсемдікті тани да ұға білуге, дұрыс бағалауға, олардан жан ләззатын тауып әсерленуге, терең пайымдауға үйретеді.

Адам рухының бүтесі мен шігесін, оның тұңғық сырларын, табиғи және тылсым күйлерін жан жүректі тебіренерлік күйде бейнелеп беру үлкен шеберлікті қажет етеді. Оқушылар алдын ала таңдаған жерлес ақындардың өлең-жырларын нақышына келтіре оқығанда ғажайып әсерде боласың. Өңірімізге танымал ақындар: Төлеген Айбергенов, Өмірзақ Қожамұратовтың және тағы да басқа көптеген ақындардың шығармалары оқушылардың сүйікті өлеңдеріне айналып та үлгерген. Әсіресе «Туған жер» тақырыбына арналған өлеңдер көптеп оқылады. Тәуелібай өңіріндегі жасыл желекке оранған табиғат, еркелей аққан өзендер, басын мұз шалған асқар-асқар таулар өлең боп өріліп, туған жерге деген сүйіспеншілігіңді одан әрі тереңдете түседі.

«Талаптыға нұр жауар» деген халқымыз, өзінше талаптанып еңбек еткен әрбір шәкіртімізге жол-жоба, бағыт беру ұшқыр қиялдарын қомдап биікке самғай беруіне тілектес болып қалу әрбір ұстаздың борышы.

Олай болса, оқушыларымыздың, ең бірінші – елді, жерді сүюді, бағалауды өз жерлестерімізден, өңіріміздің белгілі адамдарынан үйренуді ұғынғандары абзал. Туған жерді тану, оны бағалау – қазіргі жастар тәрбиесіндегі өзекті мәселе болса, осы аталғандар – соны іске асырудың бірден бір жолы деп ойлаймыз.

Бүгінгі күні жастар арасында кітап оқу сиреп кетті. Құндылықтар өзгерген заманда оқушыларымыз тым болмаса, өз жерлестеріміздің шығармалары арқылы туған жерді танып жатса, сол арқылы оны бағалай білсе және еліміздің әр азаматы өздерін сүйсе, сол елі үшін еңбек етсе. Ал шәкірттерімізді сол дұрыс, түзу жолға салар бірден-бір құрал

жерлестеріміздің шығармалары. Сондықтан, өңіріміздің белгілі адамдарының еңбектерін оқып бағалау - өзекті мәселе. Ал, жерлес ақын-жазушыларымыздың, ендігі уақытта, оқушылардың жан дүниесіне әсер етіп, сезімін қозғайтын, ақылына ақыл қосып байытатын мазмұны терең шығармаларының көп болуын тілейік.

Тәрбие дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүние-танымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан игі адамды тәрбиелеу.

Жас ұрпақты ақыл-ой әрекетімен қатар іскерлікке машықтандыру, еңбек етуге бейімдеу, оқушылардың өзіне деген сенімін арттыру – тәрбиенің негізгі мазмұны. Осы мақсаттарды іске асыруда оқушыларды өзін-өзі басқаруға үйрету, ұжымдасып еңбек етуге, ізденуге баулуда ұстаз еңбегінің маңызы өте зор.

Қазақ әдебиетінің ірі өкілі Жүсіпбек Аймауытов ұстаз қызметін «Ұстаз – шәкірттерге сабақ берумен, білім үйретумен шектелген маман иесі емес, ол шәкірттерінің алдағы өмірін көз алдына келтіріп, өз басынан кешірген тәжірибесіне таянып, келешекте жазатайым аяғын шалыс басып, өмірден соққы жеп, өкінбеске күні бұрын сақтандыратын қорғаушысы, қамқоршысы» деп бағалаған.

Сондықтан әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Жастарды тәрбиелі, сапалы, саналы етіп даярлап шығару заман талабы, оқытушы ұстаздар-дардың міндеті, өйткені олар – біздің болашағымыз.

Қазіргі оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Білімді өз бетінше іздену арқылы

алуға қолайлы жағдай жасау – сол қағидалардың бірі. Білімді өздігінен іздене игере алу – жан-жақты білімділіктің өте зор құралы. Сондықтан, бұл әдістің оқытудағы маңыздылығы да шексіз.

Баланы кішкентайынан кітап оқуға дағдыландыру, жетілдіру аса маңызды. Ол баланың тіл байлығын өсірумен бірге логикалық ойлау қабілетін жоғарылатады, оларға өмірдің құнын ұғындырады, ұлылар ұлағатын қабылдатады. Өздігінен ізденіп кітап оқу арқылы оқушы жас шағында уақыттың қадіріне жету, уақытты қастерлеу, біртіндеп ілгерілеу сынды асыл қасиет қалыптастырады.

Ал бос уақытын мәнсіз өткізген баланың тұтас өмірі де құнсыз нәрселер үшін сарп болары хақ. Олай болса, әдебиет пәні мұғалімі оқушылардың көркем шығарманы өздігінен ізденіп оқуы үшін жағдай жасап, дұрыс бағыттама беріп отыруы қажет.

Әдебиет сабақтарында оқушылар ақын-жазушылардың шығармашылығына байланысты мәліметтер алады. Бірақ, жас ұрпақтың дарыны мен талантын ашу, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіру үшін бұл жеткіліксіз.

Сондықтан, қазіргі өсіп келе жатқан адамның қабілет, қасиеттеріне ықпал ететін тәлім-тәрбиелік қуаты зор аймақтық білім беру бағдар-ламасы өмір қажеттілігінен туындағанын байқауға болады. Бұл аймақтық бағдарлама - жас ұрпаққа туған өлкесіндегі әдебиет мүмкіндіктері арқылы рухани құндылықтарды таныстыру мен меңгертуге бағытталған.

Жергілікті әдебиет оқушыларды оқытуға, тәрбиелеу мен дамытуға мүмкін-діктері шексіз, өйткені, олар жеке адамның танымына, эмоциясы мен жігеріне, іс-әрекетіне, мінез-құлқына әсер етеді. Жастардың туған өлке әдебиетіне бала кезінен жақын болғаны және туған өлке әдебиетін зерттеп талдау, өзіндік ерекшеліктерін көре білуі қазіргі тәрбие ісін ойдағыдай жүргізуге көмектеседі.

Ол үшін:

- а) жергілікті ақын-жазушылардың шығармаларының озық үлгілерін педагогика ғылымы мен мектеп, колледж практикасына нысаналы түрде пайдалану;
- ә) жергілікті ақын-жазушылардың мұрасын жалпы білім беретін мектеп, колледждердегі оқылатын әдебиет пәнінің мазмұнына енгізу;
- б) оқу-тәрбие процесінің практика-сында жеткіншек ұрпақты туған өлке ақын-жазушыларының шығармалары арқылы тәрбиелеу үшін тарихи қалыптасқан тәрбиенің түрлері мен әдістерін пайдалану қажет.

Әр заманның өзінің көкейкесті мәселелері болады. Халық өмірімен тығыз байланысты, халық үшін еңбек еткен ақын немесе жазушы сол түйінді жайларды көтеріп, оқушысына белгілі бір ой, шешім ұсынып отырады. Заман тудырған мәселелерді таңдап, талғап ала білу, оның көркем шешімін таба білу, сөз жоқ ақын, жазушыдан тек шеберлікті ғана емес, өз ортасының алдыңғы қатарлы адамы бола білуді талап етеді.

Бағалай білсек, халықтың маңдайына біткен абзал азаматтары, ардагерлері, арыстары аз емес. Сондай азаматтарды айтқан кезде жергілікті әдебиетімізге өзіндік өрнек салып жүрген жерлес ақын-жазушыларымыз еске түседі. Осы асылдардың есімін құрметтеп, қымбат мұрасын сақтау, қадір-қасиетін өзіміз тану, өзгеге таныту, оларды ардақтау, қастерлеу – біздің баршамыздың елдік, әрқайсысымыздың перзенттік парызымыз.¹

¹ Қожамұратов Ө.Күн астында –күдірет

1.2. Сүйер ұлың болса сен сүй...

Сүйер ұлың болса сен сүй,

Сүйінерге жарар ол,- деп ұлы Абай айтқандай, халықтың рухын асқақтататын, елді біріктіруге, ұлтты тұтастыруға қызмет ететін жергілікті ақын-жазушыларымыздың шығармаларының келешек ұрпаққа берер тағылымы мол.

«Жергілікті әдебиет» - бұл Төлеген Айбергенов, Өмірзақ Қожамұратов және тағы да басқа көптеген ақын-жазушылардың арттағы ұрпаққа қалдырар мұрасы, бұл халқымыздың өткені мен қазіргісі, бұл біз үшін естелік. Осы мұраны ары қарай, болашақ ұрпақтарға, артымыздан ерген балаларымызға жеткізу – біздің парызымыз. Бұл - оқушыларымызды ата-баба мұрасына, дәстүрлі туған өлке шығармаларындағы игі қасиеттерге ұқыпты болуға, оларды қастерлеуге тәрбиелейді. Сондықтан, осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар елін, жерін ерекше құрметтеп өсер ұрпақтарымыздың көп болатындығының кепілі.

Жоғарыда жақсы білімділіктің кепілі – білімді өздігінен ізденіп алу деген едік. Жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығын меңгертуді дәл осы әдіспен жүргізген өте тиімді. Себебі, бұл жұмыс мақсатты түрде жүреді де оқушының қызығушылығын туғызады. Ал, қандай да бір жұмыстың нәтижелі болуы баланың бойындағы құмарлығына, қызығушылығына тікелей байланысты. Сөзіміз дәлелді болу үшін, біздің білім ошағымыздағы әдебиет пәні сабақтарында қандай іс-шаралар атқарылып жатқандығына тоқталайық.

Мен қызмет ететін білім мекемесінде дәріс алушылардың басым көпшілігі жасөспірімдер, топтарда әртүрлі тәрбиедегі, әртүрлі деңгейдегі, қабілеттіліктері де әртүрлі оқушылар отыр. Оқытушы ретінде олардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, жан-жақты тәрбиелеу – міндетіміз. Сондықтан, әдебиет сабақтары бір сарынды болып, балаларды жалықтырмас үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланып, түрлендіруге тырысамыз. Мұндағы басты міндет - дәріс алатын оқушылардың «мұғалім сабақ сұрайды» деп

қорықпай, әдебиет сабағына оқу еңбегі үшін келу керектігін ұйымдастыра білу. Әдеттегі дәстүрлі әдебиет сабақтарында оқушылар оқыған шығармасын қайта мазмұндап айтып беруге үйренген. Мұның да өзіндік пайдасы бар екендігі даусыз. Дегенмен, оқығанын қайта айтып беру шәкіртті ойға жетелемейді. Бұл күнделікті қайталана берсе жалықтырады. Сондықтан, оқушыны оқи білуге үйрету, яғни оқығанын талдай білуге, түйіп, түсініп оқуға баулыған дұрыс. Осы мақсатты жетекке ала отырып жасалған жұмыстар біршама жетістіктерге жеткізеді.

Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту - әдебиет мұғалімінің негізгі міндеті. Егер оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз ету қажет болса, онда баланың қабілетін түрлі әрекетті көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет. Зерттеу – дарынды балаларды оқыту негізі. Онсыз баланың потенциалды қабілетін ашу, дамыту мүмкін емес. Ендеше, оқушыны ізденушілікке баули отырып, ғылым мен техниканың жетістігіне сәйкес армандарына жетуге, өз жолдарын дәл табуға, ғылымға жетелеу арқылы өздерінің қабілеттерін ашуларына көмектесетін әдіс-тің бірі – жобалау технологиясы.

Мемлекеттік бағдарламаның мазмұны бойынша жоспарланған тақырыптарды оқушылардың өздері ізденіп, меңгеруге талпынғандары әжептәуір жетістіктерге жеткізді. Бұл жұмыс тиімді болу үшін жобалау технологиясының әдіс-тәсілдерін қолданғанымыз дұрыс болды. Себебі, жобаны қорғауға дайындалған оқушы өз бетінше ізденіп, қыруар шаруа атқарады. «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар», «Өзі пісірген астың күйігі де тәтті» деп тегін айтпаған. Белгілі бір ақын-жазушының шығармашылығын жобалау технологиясы бойынша зерттеп, қорғаған оқушылардың жеткен жетістіктеріне тек мұғалім ғана риза болып қоймай, осы істен оқушы-лардың өздері де пайдалы тәжірибе алады.

Бұлардың барлығы біздің әдебиет сабақтарында күнделікті атқарылып жатқан істер. Дегенмен, қазіргі заман жағдайларын ескеретін болсақ балалардың көпшілігі болашаққа қажет болар-ау деген нәрселерге жіті мән

беріп, ойланады. Сол себепті, оқушылар нақты іс-әрекетке бағытталған шараларға қызығады. Осы кезеңде жастарды қазіргі заманның өзекті мәселелері толғандыратыны белгілі.

Сондықтан, күнделікті сабақтарда алған тәжірибе-білімдерін басшылыққа ала отырып, оқушыларды өңіріміздің белгілі ақын-жазушыларының шығармашылығын зерттеу жұмыстарына тарттық. Басында салғырттау тыңдалып, салқын қабылданған ұсыныс, атқарылар істің мақсаты айқындалған соң қызығушылық туғызды. Алдымен оқушыларға бірнеше тақырыптар ұсынылып, таңдау берілді, яғни оқушы тақырып таңдаған кезде белгілі бір оймен, мақсатпен ұмтылыс жасады. Сондағы байқағанмыз, тақырып таңдаған шәкірттер ақынның немесе жазушының өз жерлесі болғанын қалап әрі оның елге танымалдығына көңіл аударған екен.

Мәнерлеп оқу – балалардың ой жүйесін, тілін, мінез-құлқын, адамгерші-лігін қалыптастыратын ауқымы мол, қадір-қасиеті биік жұмыс, оқыту мен тәрбиелеу ісінің құрамдас бөлігі. Тіл тағдыры – ел тағдырына айналып отырған қазіргі жағдайда мұндай сайыстар оқушы бойында биік эстетикалық талғамды дамытады, өнер туындысындағы, табиғаттағы, адамдар қарым-қатынасындағы жарасымдылық пен әсемдікті тани да ұға білуге, дұрыс бағалауға, олардан жан ләззатын тауып әсерленуге, терең пайымдауға үйретеді.

Адам рухының бүгесі мен шігесін, оның тұңғыық сырларын, табиғи және тылсым күйлерін жан жүректі тебіренерлік күйде бейнелеп беру үлкен шеберлікті қажет етеді. Оқушылар алдын ала таңдаған жерлес ақындардың өлең-жырларын нақышына келтіре оқығанда ғажайып әсерде боласың. Өңірімізге танымал ақындар: Төлеген Айбергенов, Өмірзақ Қожамұратовтың және тағы да басқа көптеген ақындардың шығармалары оқушылардың сүйікті өлеңдеріне айналып та үлгерген. Әсіресе «Туған жер» тақырыбына арналған өлеңдер көптеп оқылады. Тәуелібай өңіріндегі жасыл желекке оранған табиғат, еркелей аққан өзендер, басын мұз шалған асқар-асқар

таулар өлең боп өріліп, туған жерге деген сүйіспеншілігіңді одан әрі тереңдете түседі.

«Талаптыға нұр жауар»деген халқымыз, өзінше талаптанып еңбек еткен әрбір шәкіртімізге жол-жоба, бағыт беру ұшқыр қиялдарын қомдап биікке самғай беруіне тілектес болып қалу әрбір ұстаздың борышы.

Олай болса, оқушыларымыздың, ең бірінші – елді, жерді сүюді, бағалауды өз жерлестерімізден, өңіріміздің белгілі адамдарынан үйренуді ұғынғандары абзал. Туған жерді тану, оны бағалау – қазіргі жастар тәрбиесіндегі өзекті мәселе болса, осы аталғандар – соны іске асырудың бірден бір жолы деп ойлаймыз.

Бүгінгі күні жастар арасында кітап оқу сиреп кетті. Құндылықтар өзгерген заманда оқушыларымыз тым болмаса, өз жерлестеріміздің шығармалары арқылы туған жерді танып жатса, сол арқылы оны бағалай білсе және еліміздің әр азаматы өздерін сүйсе, сол елі үшін еңбек етсе. Ал шәкірттерімізді сол дұрыс, түзу жолға салар бірден-бір құрал жерлестеріміздің шығармалары. Сондықтан, өңіріміздің белгілі адамдарының еңбектерін оқып бағалау - өзекті мәселе. Ал, жерлес ақын-жазушыларымыздың, ендігі уақытта, оқушылардың жан дүниесіне әсер етіп, сезімін қозғайтын, ақылына ақыл қосып байытатын мазмұны терең шығармаларының көп болуын тілейік.²

² Айбергенов Т.Бір тойым бар.2006

2. ТАРАУ.

2.1. Өлеңінде ешбір ғасыр өшіре алмас өрт жатыр.

Дүниеге өзінің аппақ, тап-таза пейілімен келіп, сол көңілмен кеткен сағыныштың ақыны Төлеген Айбергенов 1937 жылы Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында туды. 1959 жылы Ташкент педагогикалық институтын бітірген соң, 1965 жылға дейін мектеп мұғалімі, мектеп директоры болды.

Төлеген Айбергенов алғашқы жазған өлеңдерінен-ақ қазақ поэзиясына тың серпіліс, жаңа бір екпін әкелді. Оның туған жерге деген сағыныш пен мөлдір махаббатқа толы өлеңдері 1961 жылы шыққан жас ақын-жазушылардың "Жас дәурен" жинағына кірді.

Бұдан кейінгі "Арман сапары", "Өмірге саяхат" (екеуі де 1963 жыл), "Құмдағы мұнаралар" (1974 жылы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығын алды), "Мен саған ғашық едім" (1970), "Бір тойым бар" (1981, 1989) жинақтарында замандастарының бейнесі, ол аралаған қазақтың өлкесінің сыры мен кені, даладағы ұлы тіршілік ақынның бір жапырақ жүрегінің сүйіспеншілігіне бөленген.

Поэзияда оны Мұхтар Шаханов, Фариза Оңғарсынова, Жарасқан Әбдірашев, Есенғали Раушанов, Тынышбай Рахым т.б. жас ақындар ұстаз тұтты.

1987 жылы Т.Айбергеновтің "Мир созвездий" атты таңдамалы жырлары орыс тілінде жарық көрді.

Арқалы ақын, адалдық пен арды ту қып көтерген азамат 1967 жылы Нүкіс қаласында қайтыс болды. Бүгінде Қазақстан Жазушылар одағының жастарға арналған поэзия саласындағы әдеби сыйлығы Төлеген Айбергенов атында.

Ташкент педагогикалық институтын бітірген (1959). 1959-62 ж. ' Қоңырат аудандағы орта мектепте мұғалім, 1962-65 ж. Шымкент облысының Сары ағаш аудандағы кешкі жастар I мектебінде директор. 1965 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бюросында қызмет істеді. Ақын өлеңдері республикалық баспасөзде 1957жылдан

жарияланды. Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір махаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 ж. шыққан "Жас дәурен" атты топтама жинақта басылды. Отанға, туған елге деген сүйіспеншілігін, замандастарымыздың рухани сезім байлығын, ізгі тілеу, ақ ниетін жарқырата ашқан, қазақ поэзиясында өзіндік жаңа ырғақ, тегеурінді екпін әкелген поэтикалық жыр кітаптары - "Арман сапары" (1963), "Өмірге саяхат" (1965), "Қумдағы мұнаралар" (1968), "Мен саған рашық едім" (1970), "Аманат" (1975), "Бір тойым бар" (1981), балаларға арналған "Бақшаға саяхат" сурет-кітапшасы (1985) жарық көрді. Сондай-ақ орыс тілінде "Мир созвездья" (1987) деген атпен таңдамалы өлеңдері аударылып басылды. А-тың "Ақ серке", "Ақ жайық", "Жаңғырран Маңғыстау", "Қазақстан", "Сені ойладым", "Мені ойла", "Ақ қайыңдар", "Бір тойым бар", т. б. өлеңдеріне жазылған әндер ел арасына кеңінен танымал. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы лауреаты (1974, қайтыс болғаннан кейін). 1997 ж. ақынның "Таңдамалы өлеңдер" жинағы мен ол туралы жазылған "Біргемін мен сендермен" атты естелік кітабы жарық көрді.

Сағындым жаным, мен сені!

Көркінді жүрген қуаныш қылып, мендей ме екен бар аған,

Шын інім болсаң, бас бұрма, жаным, өсек – ғайбатқа бораған.

Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те,

Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышымен есепте.

Онсыз сен тіпті тұлпар да болсаң, қосыла алмайсың қатарға

Әуелі әбден сағынып алмай шығушы болма сапарға.

Сағынбай барсаң, теңіз де сенің тебіренбес жастық шағыңдай,

Бұлбұлдың дауысын есіте алмайсың, бауларға кірсең сағынбай.

Сағынбай барсаң, таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап,

Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап...

Айтулы толғауды осы бір жерден үзеріміз үзіп алып, әрі-сәрі күйге түстік. Көз жауын алардай жауһарды сындырып алғандай, соның сіздерге тек бөлшегін ұсынғандай пұшайман болдық. Осы бір жырдағы алабұртқан екпін,

тау суындай күркіреген қарқын, бірінен-бірі туындап, сытыла шапшыған бұла сөз толқын, буырқана бұлықсып атқыған сезім серпіні үзуге, іркуге келер емес еді, көнер емес еді. Жыр жүйрік. Апшы қуырған асау ағыс. Аяғына дейін жіберіп, ат басын ағытқан осынау бір тұлпар шабысты тек тамашалай бергің келеді. Тамсана бергің келеді. Ақын үніне үн қосып, сөз шығындап жатқың келмейді. Мың құбыл шұғылалы жыр жауһарларын назарларыңызға бірінен-кейін бірін ұсынып, айберен толғауға үнсіз ден қойып отыра бергің келеді, осынау сұңғыла шабысқа қосыла қол шапаттап отыра бергің келеді.

Төрт аяғы тең жорға Төлеген жырларын, шашасына шаң жұқпас ақпа жырларға қара сөзбен түсініктер жазып сипаттап, суреттеп жату — бір әурешілік. Қазақтың арнасы кең жыр дариясына сонау алпысыншы жылдар аяғында бір бүйірден апшып келіп, бір ақжал толқын ұрғаны есте.

Төлеген — толқын. Арқырап ақжалданып шиыршық атып келген толқын.

Сағындым жаным, мен сені!

Көркінді жүрген қуаныш қылып, мендей ме екен бар аған,

Шын інім болсаң, бас бұрма, жаным, өсек – ғайбатқа бораған.

Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те,

Адамның заңғар ұлылығын сен сағынышымен есепте.

Онсыз сен тіпті тұлпар да болсаң, қосыла алмайсың қатарға

Әуелі әбден сағынып алмай шығушы болма сапарға.

Сағынбай барсаң, теңіз де сенің тебіренбес жастық шағыңдай,

Бұлбұлдың дауысын есіте алмайсың, бауларға кірсең сағынбай.

Сағынбай барсаң, таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап,

Ойлауың мүмкін дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап...

Суы тұнық тұмадан бастау алған бұлқынған бұла толқын.

Жазира белдер қуанышыңды болмасын мәңгі шектемек,

Алдыңнан орман кес-кестеп шықса сағынышыңмен көктеп өт.

Мен бұны саған жазып отырмын арманымды орап сезімге,

Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде.

Ақын інісі Мұхтар Шахановқа арнаған бұл толғау, сөз жоқ, қазақ жыр көгіне шырқай көтеріліп барып, лап жанған өмірзая шайырдың ғана емес, жалпы өлең өнеріміздің тамаша бір соны өрнекпен оқыс өріс ашқан самғауы, шарықтауы болды. Бұл толғау, сөз жоқ, алпысыншы-жетпісінші жылдар поэзиясының шырқап бір салған әні, шауып бір шыққан шырқауы.

Өмірде мынау сағынбағандар бақытсыз,

бақсыз талайсыз,

Қазақтың жыры Абайсыз.³

“Сағыныш”! Ақын соншама неге сағынышты ұлы сезімге балап сомдаған? Бұ жерде ол “Махабатсыз дүние бос” деп түйген ұлы Абаймен үндеседі. Өмірге деген махаббат жалын кеудесін өртегендер ғана сағына алмақ. Сағынған, сүйген жандар ғана тазара алмақ. Тірлікті тазарта алмақ. Сондай жандардың ғана өкшесі жерден бір елі көтеріліп, періште қанат әулие сезімге бөленбек. Сондай жандар ғана өмірге шапағат нұр, жарық шашпақ. Сондай ақынжандылар арқасында ғана “мына дүние тас қаптап кетпей” “аруана – бауыр” қалпында асқақтай бермек. Төлеген кейде шабыт қысқанда көкке парлай, самғай көтеріліп дүниенің тас төбесіне шығып алып, қиядан жүзіктей жұмыр жер, жалпақ әлемге назар салатын қыран көз, періште-қанат ақын. Ол ата жұрт — қазақ еліне қиырдан сағынып келді. Өле-өлгенше сол сағынышын баса алмай кетті.

Алмағайып жылдарда айырылып қалған ата жұртының әрбір тау мен тасына, көл мен шөліне шөліккеп, алыс тарихи сапардан оралған аруана-бауыр жанның іңкәр көзімен қарады. Кешегі кеңестік аласапыран жылдарда артта қалған ата жұртқа деген сағыныш шеттегі қазақтардың бойына ана құрсағында жатқанда-ақ қанмен, зармен бірге дарыды.

Дүниеге қарақалпақ жерінде келген Төлеген тал бесікте тербеліп жатып-ақ, алыста қалған ата жұртқа деген құтаймас сағыныш мұңына суарылған бесік жырымен көз ашты. Балалық шағы шығыс шайырлары

³ Айбергенов Т. Бір тойым бар. 2006

шарлаған шайырлы, құнарлы топырақ Хорезмде өтті. Жас Төлеген Науаиы, Мақтымқұлы, Бердақтардың рухы тұнған, ізі қалған қасиетті өлкені шарлады. Балаң санасын қашан қалыптасқанша үздіксіз де үзіліссіз күмбірлеген бабалар үні, жыраулар сарыны тербетіп тұрды. Ғасырлардан ғасырларларға көшкен жыр дәстүр осылайша бала құлағына, санасына ұя салды. Мектеп табалдырығын аттасымен Абай, Жамбыл, Махамбеттермен қауышты. Сөйтіп, бала сана, бұла сана өлең сөздің тұма бұлақ, тұнбасынан жүзіп жүріп ішті, сімірді. Тереңге тамыр салды.

Ата-салт, тіл, дін, діл қаймағы бұзылмаған қазақы орта, ұлы Тұран төрі оның бойына елдік пен ерлікке толы мыңдаған жылдық ұлы бабалар өсиетін, қасиетін екті. Жаратқан ие елпең-елпең жүгірген қағылез қара баланың маңдайына ақын болуды жазды. Бұғанасы қата келе жас дарын күмбірлеген әулие бабалар әуезіне әуейленіп, өзі де күбірлеп тақпақ жаза бастады. Осылайша, тарихи жады шытынамаған Тұран топырағының төсін тесіп тағы бір қайнардың көзі ашылды.

Төлеген ақын, тамыр салған топырақ араб, парсы, түркі өркениеті әлімсақтан біте қайнасқан рухани шайыры шүйгін топырақ болды, оған далалық еркін ер қазақтың азаттық рухы атойлаған жыр, саз сарыны қосылып, бала санасында соны рухани элементтер құрап ию-қию араласты. Сана тұңғышында болашақта атылар жанартау — жыр негізі, жасушалары түзілді.

Қанша құнарлы десек те Қазақстаннан шет өлке қазақы өршіл рухы көкірегіне симаған Айбергеновтей арқалы ақынға өсе келе тарлық ете бастады. Анау бір қиырда толықсып аламан бәйгелер мекені ұлан-байтақ Қазақстан жатыр. Қазақтың қалың елі тербетілген тал бесік. Шетте, жат елде жүрген қазақтың көз салар құбыласы, мәңгілік Меккесі, мәңгілік сағынышы. Аруана жаудың қолына түссе ботасын шайнап өлтіріп, Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп. Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы боздаумен, Омырауын шерге толтырып.

Апталап- айлап таңдайын мейлі тасбауыр шөлдер құрғатсын,
Қазығын таппай тоқтамайды екен мәңгілік тіпті Күн батсын.

Туған жер төсін аңсаумен өткен аруана-бауыр дүние,

Сен маған осынау ақ жүрегіңмен қымбатсың.

Кеудемде жүрген, зердемде жүрген ынтызар ықылас от өріп,

Сен мұны менен бетер ұқ!

Түкпірімдегі дір ете қалғыш осынау құйттай жүрекпен

Келем мен бүгін қасиетті байтақ Қазақстанды көтеріп!

Төлеген толғауларындағы сағыныш сазына, сағыныш сырына терең бойлаған жан бұл жерде тек ғана ақынның жеке бас сезім иірімдерімен шектелмей, сол жеке бас тағдырға тайдай таңба басқан кешегі ел айырылған жылдардағы зар заман жаңғырығын аңғарған болар еді. Сол “балапан – басына, тұрымтай – тұсына “кеткен кер заман дауылында қақпақыл болған қазақтың бір ботасының боздауын естігендей болар еді. “Боздаумен жасы моншақтап” туған жерге тартып отырған аруана – жүрек ақын бейнесі көз алдыңызда көлбеңдер еді.

Ақынның Мұхтар інісіне деген сағынышы, бақсақ, ел мен жерге сағына қауышқан ақынның күллі қазақ ұлына деген жүрекжарды тарихи сағыныш екеніне көзіңіз жетер еді. “Ботасын шайнап өлтіріп туған жеріне тартып отыратын аруана – бауыр дүние” ел мен жерден алыс кеткен алаштың ата жұртқа сыңсып ағылған сағыныш көші екеніне көз жеткізер еді. Егер, ақынның ата-бабалары тоталитарлық тепкінге шыдамай, Ақтөбе жерінен Қарақалпақстанға жер аумағанда, балауса ақын ата-жұрттан алыста жүріп қалыптаспағанда, жүрегін алыс ата-жұртқа деген құтаймас сағыныш сормағанда, кім біледі, мүмкін сағыныш туралы қазақ поэзиясының мәртебесін асырған осынау Төлеген толғаулары өмірге келер ме еді, келмес пе еді, кім білсін...

Туған жер төсін аңсаумен өткен аруана – бауыр дүние,

Сен маған осынау ақ жүрегіңмен қымбатсың.

Бірақ мен оны жыр қылып қалай жаза алам,
Жетер ме адам сөзі оған!

Өмірде ұзақ жасауың үшін болғаныменен қайғың қас,
Туған жер, сен деп қайғыра алмасам, тағдыр да мені бай қылмас.
О бастан саған ынтызар аруана тектес ұл ем мен
Қазығын таппай қайырылмас.

Жас ақын шыңнан да қазығын таппай қайырылмады. Бір қолтығында Ташкент педогогикалық институтының дипломы, екінші қолтығында болашақ жары Үрниса, Төлеген ақын Қазақстанға бет түзеді. Алғашқы орын тепкен жері – Оңтүстік Қазақстан, рухани ұлт ордасы. Әлі елге белгісіз Төкеңнің отбасын досы, жазушы, журналист Зәкір Асабаев құшақ жая қарсы алды. Зәкеңнің өзге де достарының арқасында жас ақын Сарыағашта кешкі мектеп директоры болып жұмысқа орналасты.

Бірақ, ақын аңсары Алматыға ауды да тұрды. Ақыры дегеніне жетпей қоймады. Жұмысың мынау деп отырған астана жоқ болса да, бала-шағаңмен кіре қояр баспана жоқ болса да, ақын алған бетінен қайтпай, бәрібір көшіп келді. Алматының Ташкент көшесінің бойынан бір бөлмелі жер үй жалдады. Бірінші курс студенті кезіміз, сол үйдің табалдырығын алғаш аттадық. Ең алдымен көзге ұрғаны – үй толған шүпірлеген шиеттей бала еді. Қараторының әдемісі Үрниса жеңге күліп жүріп, дастархан қамымен зыр қағып жүр. Тіптен таң қалдым.

Бозөкпе бала қонаққа мұнша ықылас көрсеткеніне қысылғаным есте. Төлеген аға мен Үрниса жеңгей отбасында қазақы қонақжай дәстүр қаймағы бұзылмай тұрғанын аңғардық. Бұл дәстүр Алматыда сұйылып кеткенін аңғарып жүрген кезіміз еді. Сөйтсек, бұл ата дәстүрге Төлеген отбасында әлі сызат түспеген. Төкеңнің “Болады менің кейде жүз қонағым, соның бәрін күтпесең сызданамын!” дейтіні де содан болса керек, жарына арнап. Жерге төсеген қарапайым дастархан, сол дастарханға сирек қонақтаған қарапайым дәмдер.

Бірақ, ағамыз бен жеңгеміздің көңілі неткен дархан, неткен көл-көсір!
Бір бөлмелі жатаған үйдің төрі мен босағасы мен үшін, бірінші курс студенті үшін хан сарайдай кең көрінді. Не айтса да күліп айтатын, не айтса да күлдіріп айтатын мына жағасы жайлау ақжарқын үй иелерінің жанында жоқшылық, таршылық деген сұғанақ ұғымдар орын таба алмай, өз-өзінен тоз-тозы шығып кеткендей.

Төрт қабырға даладай далиып кеткендей. Маған, студент балаға, сол сәтте Алматыдағы ең кең үй, ықылас, пейілге толы үй осы Төлеген ақынның жалғыз бөлмелі жатаған үйі тәрізденді. Төлеген ақын әлі сиясы кеппеген, түнде жазған өлеңдерін оқыды. Өлең оқысы бөлек. Жатқа оқиды және тура шаршы топқа шапқалы тұрған революция дауылпазы Маяковскийше екпіндетеді. Әрбір өлең жолының аяқталуы балғамен ұрғандай салмақты. Дүңкілдейді. Дүңкілдеп дабыл соғылғандай, жорық дабылы ұрылғандай. Оқыс қуат-қайрат сізді де баурап, арқаңыз қозып, күреске, ерлікке шыңдалып, ширғып бара жатқандайсыз.

Қашан да маған қасіретті шақтан, тар шақтан
Қол создың, ару армандар болып қарсы аққан.
Омырауымнан аппақ самалдар сапырып,
Кеудемнен менің жұмсарып кеткен барша ақпан.

Ақ жұпар аңқып бұрқырап озон тараған,
Барсың сен барлық жаздың жаңбырында аппақ бораған.
Жетеді сен боп дүңкілдеп маған қаққанда
Самала мына таулардан
Сарқырамалар барабан.⁴

Ташкент көшесінің бойындағы жұпыны ғана жатаған ақын үйі көп ұзамай сол кездегі әдебиет есігін жаңа аша бастаған, бірақ та үйсіз, күйсіз Жұматай бастаған жас ақындардың тұрақты шұбыратын Меккесіне айналды. Үй иесінің жұмыссыз, қаржысыз қысылып жүргеніне қарамастан, бұл үйде

⁴ Айбергенов Т. Бір тойым бар. 2006

күнде сауық, күнде той. Үрниса жеңгей қабак шытуды білмейді. Нағыз Құдай қосқан ақынның жары. Үйге топ-тобымен келіп жатқан отқанат жас ақын қонақтарға Төкең қалай қуанса, Үрниса жеңгей де солай қуанады. Бұндай пейілді аңғарғыш ақындар бір емес, бірнеше келеді. Тіпті қона -жастана дүрілдетіп өлең оқып, керілдесіп әдебиет мәселесін осы үйде шешіп жатады. Үй иелеріне осының бәрі қызық.

Бәрі той. Қабак шытпайды. Олар үшін дүниеге бір жақсы өлең келсе нағыз мереке сол тәрізді. Бұл үйден Төкеңдер көп ұзамай кетіп, қарызданып жүріп, Алматының тау жағынан бір арзан үй сатып алды. Ұмытпасам, бұл да бір бөлмелі. Жас ақындар тобы енді Алматының тау жағына қарай шұбыратын болды. Келушілер қатары молая түсті. Әйгілі Шәмші бастаған композитор, әнші, журналистер күн демей, түн демей осы үйде жиналады. Жаңа ән, жаңа өлеңдер осы үйде үздіксіз туып жатады.

Араға 40 жыл салып сол күндерге, жер бетіндегі Төлеген ақынның соңғы жыл, соңғы күндеріне ой көзін қыдыртқанымызда, пайғамбар жүрек қыршын жас жер бетіндегі сапарының келте боларын сезді ме екен деген ой келеді. Бауыры ауыратынын айтатын. Сондықтан да, түнді-түнге ұрып, таңды-таңға ұрып, тірлік шуағын ұзартуға талпынды ма екен деген ой келеді. Жанын паршалап, санасын сабылтып, сергелдеңге салған сезім өртінен өлең өруге асықты ма екен деген ой келеді.

Бірге қақ қанат қасымнан қалмай, сағынып көрген қарағым,
Жалғасын сен айт бұл асқақ әннің, жабылып кетсем егер мен
Ғұлама жылдар судырлатқанда парағын.

Тоқталмайды өмірде жаңбыр әні,
Жаңа толқын жаңғырып жарға ұрады.
Қоңыраулатқан осынау ұлы керуен
Ғасырлардың иығын талдырады.

Бір кездерде бұл күн де көшер менен,
Шектерімді шулатып неше өрлеген.
Шаңқай түсте шатырлап тас төбемнен
Аласапыран ғасырлар нөсерлеген.

Шақтарда да азынап оқ бораған,
Бұл дарияның шабысы тоқтамаған.
Мен өтемін жолдардан әлі талай,
Жүрегімнен дүңкілдеп ақ барабан.

Төкең жайшылықта ет пен сүйектен жаралған пенде көрінгенімен өлең оқығанда мүлдем өзгеріп кететін, арқаланып лапылдап жанатын. Оның себебін ақын былай түсіндіреді:

Сен менің өзімді көрсең,
Тұрысым осы менің.
Ал мендегі ғаламат сезімді көрсең,
Шошыр едің!..

Шаршы топқа шыққанда ақын найзағайша жарқылдап, күн болып күркірейтін. Бұндай ақындарды ол кезде “трибун ақын” деуші еді ғой. Төкең туа біткен трибун еді. Төлеген сахнада жарқылдау үшін туған талант еді. Төлеген ақынның қалғып-мүлгіп отырған аудиторияға жаны қас болатын. Оны қағып-сілкіп дүрілдетіп, дуылдатып жібергенше асығатын. Пышақтың қырындай сылыңғыр, ұзын бойлы, қыр мұрын, бұйра толқын шашты отқанат ақын сахнада қырандай саңқылдап өлең оқығанда, залда отырған қыз-келіншектердің жанарлары шырадай жанып, шоқтай маздайтын.

Сондай бір кездесу өлерінің алдында Алатау бөктеріндегі бір санаторийде өтті. Төкең айтқан мына бір әсерлі әңгіме хатқа жазылғандай есімде қалыпты. Жаздың ғажайып бір кешінде санаторий залына жұрт лық толды дейді Төкең. Алдымен бір-екі ақынды алға жібердім. Байқаймын, зал әлі керенау, керсолқы қалпында. Анау екінші қатарда отырған қарақат көзді,

жұмыртқадай бір ақкербез тіптен керсолқы. Сахнаға шыққанша ол кербез біз тарапқа тіпті көз қиығын да салған жоқ.

Сөйтіп, намысты шабақтады. Кезек маған келді. Өзім де тықыршып әрең отыр едім. Сахнаның қақ ортасына шығып, алшайып тұрдым. Өлең сөзге берілмей отырған керенау зал, керсолқы кербезбен жекпе-жекке шыққандаймын. Ақындық аруағымды шақырдым. Зал назары қадала қалды. Бірақ, керсолқы кербездің жанары әлі ұшқындаған жоқ. Сонысымен ала сайтанымды шапқа түртті. Оң қолды жоғары сілтеп жіберіп, көктегі шатырлаған найзағайды шап беріп ұстай алғандай болдым. Зал дүр ете түсті. Содан дүңкілдеттім... ал, кеп дүңкілдеттім. Қадалған жүздеген жанарларда лапылдап от жана бастады.

Мен қара төспін, қайғыдан бақыт жасаған,
Шатырлап жатқан найзағайлы аспан босағам.
Мен жарық Жермін жаңғырықтарға үн қосқан,
Төбемді көрсе күн қашқан,

Омырауымнан жарқылдап ағып жатады
Құйрықты жұлдыз тынбастан.
Болғанмен қара пәк жаным,

Тіршілік үшін уыстап шашам ақ жалын.
Отыма менің ұқсайды барлық ұрандар,
Қанатын малып ұшады соған қырандар.
Мен қара төспін, соқсаң да қанша шаршаман,

Қып-қызыл шоқ боп үскіріктерге қарсы ағам.
Шеге боп енем үйлердің
Қабырғасына қаусаған.
Шаңытып қалам жолыңнан
Самала болып самсаған...

Омырауынан ақ шашақ толқын боратқан
Көгілдір ГЭС боп құямын барлық тораптан.
Ақ сүңгі лайнер қанаттарында отым бар
Төбеңде зулап баратқан.

Осылай дүңкілдеткенде зал дүрлігіп кетті. Зал дуылдап кетті. Бората қол соқты. Қошемет айқайлар шықты жан-жақтан. Кербез келіншектің қарақат жанарында тұтанып, маздап тұрған алауды көрдім. Көңілім орнықты, іштей жеңісімді тойладым. Алма бақ арасында кең дастархан жайылған айлы кеш еді. Бақыт кеші еді. Төңірек тұнған алма бақ. Бұрқыраған апорт исі танауды жарады. Алматының апорты-ай! Дәмі таңдайдан кетер ме!

Сол кештен кейін өз үйіне бармай, біздің студенттік пәтерде екі-үш күн қонып қалған ақын осы бір әдемі оқиғаны осылай әңгімелеп бергені есте. Бұл біздің соңғы кездесуіміз екен. Көп ұзамай ақын туған жері Қарақалпақстанға қонаққа кетіп, ол жердегі жора-жолдастарының арасында бауыр сырқатынан дүние салды. Сүйегі Нөкіс қаласының зиратына қойылды.

Жер бетіндегі сапары небәрі 30-ақ жылға созылған айберен ақын Айбергеновты қазақ баспасөзі жыл он екі ай жоқтады. Бұл қаза жақын-жуық, жора-жолдастарына қатты батты. Төкең төбесіне көтере дәріптеген сол кездегі жас ақын, бүгінгі бас ақындарымыздың бірі Мұхтар Шаханов былай деп толғады:

Бәйшешектің ғұмырындай тағдыр кешкен мәрт батыр,
Өлеңінде ешбір ғасыр өшіре алмас өрт жатыр.
Намысыңды дәуіріңе еткізбедің қақпақыл.
Міне, содан, ұлтымызды рухсыздан күзетіп,

Сенің жырың шекарада әлі күнге сапта тұр.
Пайымдаймын, мойындаймын, сен данасың, мен – бала,
Ұлтына кім жақын, алыс, айқындайтын ел ғана.
Он том өлең жазғандарды кетті ұмытып кең дала.

Бірақ шағын он өлеңмен он миллион қазақты
Толғандырған, таң қалдырған
Махамбет пен Сен ғана.
Заманының ыңғайына жүрмей кеткен іңкәрім,

Саф өнерде қызғанышты білмей кеткен іңкәрім,
Иығына бүтін бешпет ілмей кеткен іңкәрім,
Жер астынан сәлем жолдап жатырсың сен күн сайын,
Қазағымның маңдайына сыймай кеткен сұңқарым.⁵

Айбергенов ақын жәйлі бұдан асырып айту қиын. Асылдардың артын күту – азаматтық белгісі. Ерте кеткен ерлерді ескеру – елдік белгісі. Айбергенов ақын қазақ жырындағы жалпы ұлттық құбылыс болса да оның соңын күту, осынау жұлдызды жыр жампозын ұлықтау осы күнге шейін жалпы ұлттық сипат ала алмай келеді. Алайда, алтынды жылтырауықтан ажырата білетін азаматтар Төлеген мұрасын дәріптеуді доғарған емес. Солардың бірі Төлеген ақынның өмірі мен поэзиясы туралы деректі фильм түсірген кинорежиссер Доктырхан Тұрлыбек, екіншісі Ақтөбелік кәсіпкер Базаркелді Ертуған.

Бұл азамат өз қаржысына ақынның атажұрты Ақтөбе облысы, Темір ауданындағы Шұбарқұдық ауылдық мектебінің үздік оқушыларына соңғы 7 жылдан бері “Төлеген Айбергенов” атындағы ақшалай стипендия беріп келеді. Бұл оның ақын аруағын ұлықтаудағы атқарып жүрген іс-шарасының тек бір парасы ғана. Төлеген ақын: “Бұл қазақта небір жігіттер бар марқасқа” дегенде осындай азаматтарды есте ұстаса керек.

Егер жыр жұлдызы бүгінде тірі болғанда 70 жасын тойлар еді. “Бір тойым болары сөзсіз менің” деп басталатын алты алашқа мәшһүр өлеңінде арман еткен айтулы күнге ақын жете алмай кетті. Алайда өзінің өлең

⁵ Айбергенов Т. Бір тойым бар. 2006

өлкесіндегі салтанатының “мәңгілік тарқамауы мүмкін оның” дегені шындыққа айналды. Жер бетінде қазақ деген ел бар да, қазақ тілі мен жыры бар да жыр жұлдызы Төлеген Айбергеновтің өлең тойы мәңгілік тарқамасы анық.⁶

⁶ Айбергенов Т. Бір тойым бар. 2006

2.2. Өмірі өлеңге, өлеңі өмірге айналған ақын

Өмірзақ Қожамұратов(1936-1983) - 6 наурызда Өзбекстанның Бұқара облысы, Тамды ауданында туған.

Алғаш еңбек жолын мектеп мұғалімі, аудандық ерікті спорт қоғамының төрағалығынан бастап, аудандық газеттерде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеді.

Қызылорда қаласында Халық шығармашылығы үйінің әдіскер маманы қызметін атқарды.

Елуінші жылдардың аяғында аудандық, облыстық, республикалық мерзімді баспасөз беттерінде өлеңдері жарық көре бастаған. Орыс дейбасы бойынша құрметті дипломант, көптеген аймақтық бүкілодақтық (Одесса, Вильнюс, Бұқара, т.б.) жарыстардың жүлдегері. «Жазушы», «Жалын» баспаларынан жарыққа шығарған «Жиделі Байсын» (1966), «Таңғы дауыс» (1971), «Жол аяқталмайды»(1981), «Ой кешу» (1989), «Күн астында — күдірет» (1998), «Суреттегі жұмбақтар» (1998) жыр жинақтары жарық көрді. Өзбекстанның қазіргі Науан облысы, Үшқұдық қаласының N»4 қазақ орта мектебіне Өмірзақ Қожамұратов есімі берілген.

Бір кездері :

Маған Мекке , Мәдине ,

Венеция , Париж не ?

Туған жердің шөліндей ыстық емес әрине...-

деп қарапайым жыр сүйер қауымды ғана емес, «МЕН» деген небір талантты ақындарды да өзіне еріксіз жалт қаратқан тамдылық Өмірзақ Қожамұратов бұл. Қызылқұм өңірінде даңқты атамыз Базар жыраудан кейін талай дүлдүл ақындар тобы өмір сүріп , арттарында мол да өлмес мұралар қалдырды десек те , солардың ішінде Өмекеңнің шоқтығы өте биік көрінетіне дау жоқ . «Өмірі өлеңге , өлеңі өмірге айналған» деп белгілі ақындар қазір дәріптеп жатқан бұл ерекше дарын иесін мен де, баспалардын кітабым шықпай жатса да өлеңге таласымның бар екендігін білдірген күйде, Қызылқұм көгінде 100 жылдай мерзім араға салып, Базар

жыраудың орнынан жарқ еткен екінші найзағайлы ақынға теңер едім .
Бәлкім бұл : « Талант 100 жылда бір рет келеді » деген белгілі сөздің айғақшысы ма екен ?!

Арамызда алшаңдап жүргенде баспадан төрт кітабын ғана шығарып үлгірген Ө.Қожамұратовты бүгін еске ала отырып , онымен өмірімнің бір қалтарысында ұшырасқан тұстарымның бір – екеуін баяндап өтуді жөн көрдім .

1977 жылдың желтоқсаны – әскердегі борышымды өтеп қайтқан кезім еді . бір күні екі – үш жолдасыммен Бекболат деген құрдасымның үйіне барсам , кең аула ішінде екі иығына екі кісі мінгендей зор денелі , жарқыраған маңдайынан тіке артқа қайырған , қарасынан ағы басымдау шашы желкесіне түскен , кара торылау бір кісі темекісін бұрқыратқан күйі ерсілі – қарсылы теңселіп , терең ой үстінде жүр екен. Оның ой тұңғыығына жан тәнімен берілгендігі сонша , біздің берген сәлемімізді де елеген жоқ .

Үйде жарым сағаттай мерміз отырып , тысқа шықсақ , әлгі кісі жүр екен . сол әдепкідегі қалпынан арылмаған.

- Бұл кім? – деп сұрадым ғайтар жолда жолдастарымның бірінен .
- Өмірзақ Қожамұратов қой . Танымайтынба едің ? – деді маған маңдана қараған ол .

Расында да оның жарық көрген кітаптарын және аудандық газет беттерінде жарияланған өлеңдерін оқығаныммен , өзін көрмеген едім . Сол күннен бастап , осы бір ерекше мінезді жұмбақты кісіге менің қызығуым арта түсті ...

1981 жыл . Ө.Қожамұратовтың бір топ өлеңдері аудандық газетке жарияланған – ды . Бірінен – бірі асып түсіп жатқан , айналасы жұп – жұмыр бұл өлеңдерді оқығанымнан кейін оған деген қызығушылық бұрынғыдан да арта түсті . сөйтіп , құрдасымды сылтауратып , оның үйіне жиі барып тұрдым . дастархан басында Өмекең кейде қазақ әдебиетінің

өткені мен бүгіні жайлы шешілі сыр шертетін. Ол әсіресе Жұбанды , Төлегенді , Мұқағалиды , Фаризаны жиі мақтайтын . Бірде :

Алтынның қолда барда қадірі жоқ , інім . Жүзеге шыға алмай талай таланттар жүр ғой . кезі келіп , тарих – сарапшы бәрін өз орындарына қояды , - дегені бар.

Өзінің бөлмесі қабырғасында Төлеген Айбергенов және Оспанхан Әубәкіровпен бірге түскен суреттері ілулі тұратын . кейін ол кісінің теледидардан футбол ойынын тамашалуды , шахмат ойнауды жақсы көретіні есімде қалыпты. « Бұлар миды тынықтырып , ойды ретке келтіруге жәрдемдеседі » дейтін ол .

Бұдан кейінде мен ақын ағамен тез – тез сұхбаттасып тұрдым . бірақ келер жылы Өмекеңнің дансаулығы күрт нашарлап , ауруханаға түсуі жиілеп кетті . Ақын үнсіз , ұзақ ойға беріліп , көп отыратында шығарды . Тіпті , көңілін сұрай барған адамдарға кейде тіс жарып үндемейтін кездері болған еді . Бірақ ол өлең жазуды , сырқаттың меңдегенін сезе тұра , бір сәтте тоқтатқан жоқ . Дегенмен қайран ақын аға 1983 жылдың басында үзіліп кетті.

Көзі жұмылғаннан біраз уақыт өткен соң – 1989 жылы Ө.Қожамұратовтың «Ой кешу» атты бір өлеңдер жинағы жарық көргеніне біз: «Ештен кеш жақсы» деп жабыла қуанғанымызбен, оның шығармашылығы мұнымен шектелмейтінін ескерткің, ескерткің және ескерткің келе береді. Өйткені ең кіші інісі Бекболаттың айтуы бойынша, оның үйінде бірнеше кітаптың көлемін құрай алатын қолжазбалары бар көрінеді . оны тіртінектеп жинап, ретке келтіріп жүрген бауырының Аламтыға апару ниеті бар екенін айтып өткенімізх жөн. Бұл – қуанарлық та құптарлықта үлкен жаңалық. ал жер – жерлерде қазақ тілінде шығатын газет журналдардың көтігіпн, сондай-ақ Өмекеінің әр түрлі басылымдарда еңбек еткенін назарға алсақ, шашылмаған маржандардан да бірнеше кітап шығуы ғажап емес. Тек дарынды ақынның жүрген ізімен ерінбей барып,

жыр асылдарын теретіән көкірегі ояу, жүрегінде оты бар зерттеушілардің табылуын тілейік .

Иә , не бары қырық жеті жыл ғана жасап (1986 – 1983) дүниеден өткен кесек тұлғалы ақын ағамыздың кмірі келте болсада , соңында сан мыңдаған маржан жолдарды біріктіретін жырлаы қалды .

Оның жалындаған өр өлеңдерінен жастар өнеге аларлық жолдарды көптеп табуға болады . Бірақ осындай біртуар , тамаша ақын өзінің туып – өскен жері Тамдыда қадірленбей отырғанын айтып өткенім дұрыс болар деп ойлаймын . Осыдан бірнеше жыл бұрын аудан орталығындағы Өмірзақ Қожамұратов өмір сүріп , еңбек еткен үйді музейге айналтыру сөз болған еді . бірақ осы бір игілікті іс тек сөз күйінде қалып кетті .

Сондай –ақ өткен жылы аудандық газет « Дидар » атты жастардың сырласу клубы бетінде Ө.Қожамұратовтың есімімен бір көшені және мекепті атау керектігі жөнінде ұсыныс жасалған-ды. Аудан жастарының бұл ұсынысына да жауап қайтарған ешкім болған жоқ . Меніңше , бүкіл Өбекстан мен Қазақстан болып дәріштеп жатқан ақын ағамызға бұл игілікті істерді туған жерінде сыйға тарту орынды болады . өйткені Ө.Қожамұратов – оған толық татитын жан. Сондықтан жоғарыдағы аталған шаруаларды жүзеге асыру әлі де кештік етпейтінін еске саламыз .

Көзінің тірісінде қадірленбеген аяулы ақын ағамыздың көзден ғайып болған күні бізден алыстаған сайын қазақ әдебиетіндегі орнының ерекшелігін көбіміз бірте – бірте, енді – енді ғана сезіне бастағандаймыз. Бұғанда шүкіршілік . Басынан талай тағдыр тауқыметін өткізсе де, өлеңін өлтіруге жол қоймаған Өмекеңнің қазірдің өзінде, еркіндік берсең көкірегінен итергісі келетіндер табылып отырғанымен, кезі келіп өз өлкесі Өзбекстанда ғана емес , ортақ отан – Қазақстанда да тарих – сарапшы өзіне лайық тұғырға қоятынына менің сеніміміз кәміл.

Қазақ жырының бір жылы

Біз әдетте ақынның творчествосын сөз етеміз. Оның берген нәрсесіне карап, бетін таныған боламыз. Сәтті туынды ұсынып, бағы ашылған ақын бола қалса , бәріміз де соған жабыла төніп , жапа – тармағай пікір айтып , жақсылық – жамандығымызды соның төңірегінде бір білдіріп қалуға құмар ақпыз . тіпті , біраздан кейін оның творчестволық өсу , өшу жолын жіті бақылаудың орнына , бағы жанған ақынның әлі де әрпі кеуіп үлгермеген , баспадан жана шыққан шығармасына алдымен келісімді пікір айтып қалуға даяр тұрамыз.

Мұндай жағдайда , жаңадан жарып шыққан екінші бір жауқазын жас ақынның жарық дүниеге келгеніне көңіл аударуымыз шамалы. Оның творчестволық тағдырын бақылау былай тұрсын , алғашқы дүниесіне дұрыстап , жүйелі пікір де айтылмайлы. Әрине ондай пақырдың Санчо – рецензенті болмайтыны өз өзінен белгілі мәселе .

Айтылып отырған әңгімемізге арқау болған , өткен 1971 жылдың жыр жинақтарымен танысқанымызда , біз осындай талантты пақырлармен табыстық . олар – бірді – екілі өлеңдер жинағын оқушылардың өазылыңына ұсынған , мінездері де , құлықтары да , ақындық қаруды қолдану тәсілдері де өзгеше , жылы пікірге зәру , қатқыл сынға зәру Жұсып Қыдыров , Сәбит Баймолдин , Өмірзақ Қожамұратов .

Білмеймін , кімде қандай бастау барын ,
Бұрқырап мен де өзімше тасты аудардым .
Келемін өз жолымды өрге сүйреп ,
Ішінде иықтасқан жас таулардың.

Жартасқа омыраулап соққан ағын ,
Көргем жоқ құласада тоқтағанын.
Сыңсыған көкірегіміде орман – ойды,
Шыңға бір шығарсам деп оқталамын, -

Деп жар салмай, жалбарына, жүрексіне өзіне үлкен міндет артып, үмітпен поэзияға келген Өмірзақ тіпті тұңғыш кітабы дүниеге келмей тұрып-ақ, мерзімді баспасөзде уытты – уытты өлеңдерімен көзге шалынып еді. Арада жылдар өтіп, тұңғышы әзер жарық көрді. Өткен жылы «Таңғы дауыс» деп аталатын мектеп оқушысының дәптерінің қалыңдығымен бірдей өлеңдер жинағы шығыпты. Осы пақыр әзірге поёзға билетсіз шыққан адам тәрізді. Өз құрбыларының қатарынан орын тимей – ақ қойды осыған. Бірде біріміз оған кел деп те, кет деп те ниет білдіре алмадық. Мынауың – барың, мынауың – жоғың демедік. Бұған Өмірзақ тұрарлық еді. Сонда да болса Өмірзақ ақынның өмірге құштарлығы, жыр алдындағы жауапкершілігі, ақындық - азаматтық парасаты мойымай, сеніммен жыр өмірін жалғай беретіндігі бізді қуантады.

Ей табиғат, дархан сенің құшағың,

Өзің маған мен өзіңе ұсадым.

Кей күндері теңізің боп туласам,

Кей күндері шағалаң боп ұшамын.

Айта алмаған, ажаз алмаған өлең мен,

Ұлылықты өз бойыңнан көрем мен.

Қарлы шыңдар қарсы алдымда қасқайып,

Сырлы мұхит тебіренген тереңнен.

Қара тасты қақ айырған гүл мықты,

Ырғатылып, жыр етіп тұр тірлікті.

Ең әрісі құрылдаған құрбақаң

Айтып жатыр өзіне тән шындықты.

Күн мен Айдай тұратұғын тең шығып,

Маған бердің бар өмірді енші ғып.

Кең жазира аспан , жердің арасы .
Еленбейтін анау – мынау кемшілік .

Сен сыйладың - ақыл дарып , тіл бітті.
Мен өзімше сөйлете алам тірлікті .
Беу табиғат, жүрегіме сыйлаған,
Менен үйрен сұлулықпен шындықты .

Осындай ойы , осындай ұны бар ақын көңілі алабұртқан қайсыбір сәттерде :

Елемейді ... қайран қалам ,
Жанарымнің жалтылдарын .
Болатпын ғой қайралмаған ,
Мен де бір күн жарқылдармын , -
Десе дегендей .
... тамырлас шежіредей мың ғасырмен ,
Жұмыр жер иығында тұғасын мен .
Көтеріп тіршіліктің тауқыметін ,
Бәріне жауап берем бір басыммен ,⁻⁷

Деген жыр жолдары әркімнің аузынан шыға бермейді. Оны сезім түйсігі сергек , көрген білгені , өмірбаяны бар мынадай ақын ғана айта алады:

Он алтыда бұлғақтап ,
Бара алмадым баққа мен .
Үлкендермен бірге аттап ,
Бірге жұрып жатқан ем .

Өңімде емес түсімде ,
Аймалады шапағат .
Қаудыр тонның ішінде ,

⁷ Қожамұратов Ө.Күн астында –күдірет.2000

Қауыз жарды махаббат .
Шаңырағын әкемнің .
Шатынатпай шақ тұрдым ,
Шаңы шығып жат елдің ,
Шапанымды лақтырдым.
От шарпыған балағын .
Өткен біздің бала күн ...

Ақын да адам . Оның творчестволық тағдырына да бірауық көңіл аударған жөн ғой дейміз. «Ақындарды аялау керек !» деген Маркс сөзінің төркіні осында болмассын ... Бұл күндері бәріміз құлай ұнатып жүрген кешегі Төлеген Айбергенов жырлары көзінің тірісінде – ақ жарық көрген дүниелер. Марқұм көзі тірісінде өзі ести алмаған , өзі зәру боп өткен ол туралы айтып жүрген пікірлерді тіріліеріміз енді естіп жүрміз. Жырлары жөніндегі пікірге марқұмның құмнан су іздеген құландай құмартқан творчестволық тағдыры біздің есімізде ...

Қандайда бір қалам иесінің творчестволық тағдырына , оның өмір сүріп жүрген ортасына , тартқан мұхнат , тындырған ісіне әділдікпен қарамайынша , оның творчествосын өзінен бөліп алып , талдау жасау – қиянаттың қиянаты екені өз өзінен белгілі . қаламгердің творчестволық тағдырын тану , оның анкетасына енген өзгерістерді біліп , бақылап отыру – сыншылардың , әдебиетшілердің қала берді айналасындағы қаламдас замандастырының адамгершілік борышы...

Жиделібайсын жырлары

Талантты суреткер Өмірзақ Қожамұратовтың көзінің тірісіндегі соңғы жинағы « Жол аяқталмайды » («Жалын » баспасы, 1981 жыл) қолымызға тигенде есімізге ақынның алғашқы жұп-жұқа кітабы « жиделібайсын » түсті.

Жиделібайсын!

Сөз жоқ , ерекше есім , қызық , мағыналы ныспы . ақын тұңғыш кітабын неге осылай атады?

Біз осының сырын білгіміз келіп , кезінде де шұқшиғанбыз . алайда , ақынның алғашқы кітабы айқын ақындық ажар , қарымды қолтаңба байқатқанмен , бұл сұраққа түбегейлі жауап бермеген – ді . енді тағы да сол сауал алдымыздан шығып , кесе - көлденеңнен отыр .

Бұл – аса маңызды сауал , біздіңше . бұл сауалға жауап іздегенде бірден атақты « Алпамыс батыр » жырының былай басталатыны ойыңа оралады.

« Жиделібайсын жерінде ,

Қоңырат деген елінде ,

Байбөрі деген бай бопты ,

Төрт тұлғы сай бопты ...»

Бала кезімізден құлағымызға сіңген таныс жолдар. Бұл жолдарды оқыған сайын менің , менің ғана емес , біздің бәріміздің көңілімізде бір әдемі қиял елес оянып бас көтеретін , бой түзейтін . Жиделібайсын нұрлы жер , тамаша ел ғой деп ойлайтынбыз . халқы түгел бай , төрт тұлғы сай шығар деп ойлайтынбыз . Топырағы тұғын тартса майы шығатын торқа екеніне сенетінбіз .

Балалары тегіс Алпамыс сияқты ер жетіп келе жатқандай сезілетін . өйткені , жырдағы өңірдің , өмірдің ғажайыптығын айтпағанда , бізге Жиделібайсын деген сөздің өзі сұлу , сырлы дидар тантытып , поэзия – жыр болып көрінетін . жиделісі түсінікті: бұрқыраған хош иісті , құнарлы тәтті жемісті сұлу жерді нулы жерге айналдыратын ерекше жиде ағашы өсетін жер деп білетінбіз. Ал байсыны немене? Төбесінен дөп басып түспесек те , оның бай деген сөзден тамыр тартқанын аңғаратынбыз. Жарық та жақсы сөз екенін түсінетінбіз .

Міне , Өмірзақ Қожамұратов осы сөзді , осындай ұғымды ақындықтағы алғашқы адымына ат қылып қойыпты .

Сонда не айтпақ болғаны ?

Сондай өңірді , өмірді жыр етем , жыр еттім дегеніме?

Сонда оның жырлап отырғаны қай кез? Баяғы Алпамыстың заманы ма , әлде бүгінгі дәуір ме?

Мұның бәрін жинап қойғанда , Жиделібайсын қай жерде өзі? Жер бетінде бар ма , жоқ па? Бар болса ...

Енді осының бәрінің ақынның үшінші кітабын оқып отырғанда еріксіз есімізге түсетіні несі?

Оның себебі сол – ақын соңғы үшінші жинағында осы сауалдардың бәріне жауап беріпті. Ағынан жарылған шынымен, алғаусыз шерткен сырымен , жарқын жа жалынды жырымен жауап беріпті .

Бұл нені аңғартады? Ақынның айқын , өзіндік үнін , таланттылығын ғана емес , оның творчествосындағы сыртқы сабақтастықты , ішкі тұтастықты да аңғартса керек. Яғни ақын Өмірзақ Қодамұратовтың кітаптары - жеке –жеке жинақтар , әр басқа топтамалар емес ғ жалғыз – ақ кітап. Жалғасып жатқан , тірі болғанда жалғасак – жазыла берер бір-ақ кітап . бәлкім оны ЖИДЕЛІБАЙСЫН деп атауға болар . демек , « Жол аяқталмайды » деп аталатын мына өлеңдер шоғы соның үшінші тарауы ғана . Бұл жақсы ма? Әрине тек жақсы ғана емес , өте жақсы .

Географиялық оқулықтардан , карталардан Жиделібайсын деген жерді , өлкені іздеп таба алмайсыз . ал оны іздеп табу үшін тек Өмірзақ Қожамұратовтың өлеңдерін оқыған жөн.

« Маған Мекке , Мәдине , Венеция , Париж не ?

Туған жердің шөліндей ыстық емес , әрине .

Жан анамдй қадірлі менің туған байтағым ,

Жердің жәннат – жұмағы Қызылқұм деп айтамын!

Осы аймақтың тұзы емес пе алғаш рет татқаным ,

Осы аймақтың қызы емес пе алғашқы тіл қатқаным .

Осы аймақта қалды балғын , шырын , шәрбат шақтарым ,

Шапағатым , Махаббатым , Аппағым !

Туған жерім – тәңірім.
Өзіңмен бір соғады қан тамырым .
Аттап өтіп кете алмаймын ешқашан ,
Ата жұрттың кабірін .

Сенсің мәңгі қар шалмайтын жоталым ,
Сенсің зарың сияқтанар боздағаны ботаның .
Сенен ғана басталады мынау әлем , тіршілік ,
Сенен ғана басталады менің шексіз Отаным.

Көтерісіп тұрсың ұлы тірлікті ,
Сенде ұлы тірлік құтты , бірлік құтты , жыр құтты .
Жұмыр жерге жүрек болып от беріп ,
Қуанышын , қайғысын да тұрсың бастан өткеріп .

От , дауылын , Қан боранын , таң нұрын
Жұттың брге , жұттың жұпар жаңбырын .
Жұмыр жермен бірге сенің ,
Менің-дағы тағдырым .

Ей , туған жер !
Бір пұшпағы құрлықтың ,
Мен кішкентай болғаныммен,
Менен ұлы жыр күттің .
Сені ойласам өлген бабам тіріліп ,
Саған қарай жол бастайды бұрылып .
Еш жерде жоқ саған біткен ірілік ,
Еш жерде жоқ саған біткен ұлылық!»

Көрдiңiз бе, Жиделiбайсын жерi қайда? Қайнап тұрған шөлдi мекен, шөлде өлке Қызылқұмда екен шынында да, әркiмнiң өз туған жерi – Жиделiбайсыны ! Қызылқұмды Мекке, Парижден де артық етiп отырған күдiрет – Қожамұратов қаламы, оның мынау марқасқа жыры. Жердiң анық жәннат – жұмағы болса, онда Қызылқұмды қалайша Жиделiбайсын жер демей тұра аламыз? Ата жұрттың қабiрi жатқан, ақын алғаш тұзын татқан өлке қалай қадiрлеседe сияды. « Жұмыр жерге жүрек болып от берiп » тұрған өлкеден күллi әлем мен бiздiң ұлы Отанымыздан басталатыны да шындық.

Оның тағдыры жұмыр Жермен бiрге екенi де ақиқат. Мұндай Жиделiбайсын өлкенiң өз ақынынан өзiне лайық жыр күтетiнi де рас.

Өмiрзақ Қожамұратов творчествосының тұтастық танытатын себебi – ақынның дүние танымында, өмiрге қатынасында тұтастық бар. Ол қандай бiр ұсақ нәрседен де, кiшкентай тақырыптан да күллi бiледi. Төрткүл дүниенiң төрт бұрышындағы қайсы бiр жағдайдың да басқа жағдайлармен жалпы байланысы, бiрлiгi барын зерделейдi. немесе, керiсiнше, жұмыр Жер бетiндегi ортақ құбылыстардан, ұқсас оқиғалардан жеке адамдардың мүддесi мен мұңын табады.

Сондықтан да ол жырлаған қайсы бiр жай да, жайт та ақ пен қараның айқасына, күн мен көлеңкенiң шарпысуына соғып, тiршiлiк талайын байқатып жүре бередi. Жұмыр жырға айналып құлпырып салады. Ой түйгiзедi. Парасатқа жетелейдi. мiне, бұл сөзiмiзге бiр дәлел – төмендегi жолдар:

« Өнегем бол көне жер, көне кендер,
Көне кендер көз ашқан төбе дөңдер.
Көтердi жас қаланың шаңырағын,
Бүгiнгi Қыз Жібек пен Төлегендер.

Куә бол Қаратаудай қартамыстар,

Сыңсытқан сыбызғысын нар қамыстар .
Айға ұшып бара жатқан космановтар –
Бүгінгі Қобыланды , Алпамыстар .

Ерліктерім жасантып боз даланы ,
Келешекке шежірі сөз болады .
Қай тұстан қарасаңда Қазақстан ,
Күмбірлеп болашаққа қозғалады .»⁸
(« Қазақстан »)

Өмірзақ Қожамұратовтың ақындық өз көзі бар . сондықтан да ол қандай бір таптаурын тақырыптан да сонылық таба біледі. Тосын , өзгеше келіп, өнерлік қана емес , өмірлік те сұлу , сынарлы ой – сезім өрбіте алады Ақын жаңа , мүлдем жаңа пікір - пайымдаулар туындатуға және қабілетті.

« Желбіреп жасыл желегі ,
Балауса балдыр , балғын көк ,
Өлгендер қатып келеді ,
Орман боп , жасыл шалғын боп .

Қабылдап күннің ыстығын ,
Өлгендер қайта жаңғырып :
Түсіне білсең құс тілін ,
Айтады жырын мәңгілік .

Шіріген дене , дүние – ай ,
Топырақ болып айтады ән.
Жәндік боп , шөп боп , әйтеуір ,
Жаралуы рас қайтадан»
(« Өлгендер қайтып келеді »)

⁸ Қожамұратов Ө.Күн астында –күдірет.2000

Бұл шумақтардан шымырлығын, шынайылығын дәлелдеп жатудың керегі шамалы. Айтты – айтпады, өрелі өлең. басы ашық бірегей, батыл өлең. Себебі, өлгендер оралмайтынын баршамыз айтып, мойындап та жүрміз. Басқасын айтпағанда, Бердібек Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді» деп роман-диалогия да жазды. Ал Өмірзақ Қожамұратов осының бәріне қарсы. Сонда бұл не? Соқпақбаевтың тенденциялық байламын, суреткерлік концепциясын бекерге шығару ма? Бұл – өлім сырын Өмірзақ Қожамұратовтың ақындық өз көзімен көре білуі. Тіршіліктің түпкі мәніне саятын, өмірге терең диалектикалық тұрғыдан қараудан туындаған парасатты пайымдау бұл. Поэтикалық ашылым, ақындық өнер көкжиегін кеңейте түскен жаңалық бұл.

Бұдан байқалатынын - Өмірзақ Қожамұратовтың ақындық өз концепциясы барлығы. Қалыптасқан, қарымды концепция. табанды, тегеурінді көқарас. Ол – қандай да бір құбылыстың, табиғат көрінісінің өмір шындығының сәнінен гөрі мәнін ашуға апаратын, қатал да қарабайыыр, тар жол – тағақ кешулі тағдырдың көзіне жалтақсыз тура қарап, қажет болса қаймықпай белдесіп, оны жеңуге бастайтын күрескерлік – ақындық бір мәселеде де айтары бар ақын. және сол айтарын адал, анық айтатын ақын.

Мысал үшін өзіміздің арамызда – ақ - қаламгерлер ортасында кездесіп қалатын бір түсінікті алайық. Көп ақын – жазушыларымыздың бағаланбай жүрмін деп күрсінгенде көкірегін жалын ататыны бар. Сондағы ойлары: «Сыншылар мені оқып бағаламай дүр. әдейі жазбайды, атағы асып кетеді деп қорқады. Көре алмайды»; немесе «Түсінбейді. Менің жазғанымды танып, тиаразылауға шамасы жетпейді. Бәрібір бағамады болашақта аламын», - дегенге саяды. Осы дұрыс па? Міне, нақ осы туралы Ө. Қожамұратов не ойлады деңіз.

«Өмірде өресіз кім, өрелі кім?»

Күтпей – ақ келешектің төрелігін .
Айтады әділетін бүгінгі ұрпақ ,
Өмірлі , өмірсізін өлеңімнің .
Шырақ боп жарытпайсың сәулелі елге ,
Басына бақ қондырмас дәурен өңге :
Бүгін сен айта алмасаң айтарыңды ,
Дәметіп болашақтан әуреленбе .

Фирдоуси әуелден-ақ дана болған ,
Жұртына жүрегімен пана борлған .
Ал оның ақыныдығын мың жылдан соң ,
Сені мен мен емсепін бе бағалаған ?

Кешірек талант туы желбіреді,
Соны есітіп кей біреуге жел кіреді .
Қарға қыран болмайды күткеніңмен ,
Кімнің кім екендігін ел біледі » .

Бұл не ? бұл - ақынның өзіне – өзі кәміл сенуі . бүгінгі ұрпақтың бетіне тура қарай алуы. Өзіне сенгендер қашанда ақиқатты айтады , шындықпен беттесуге қорықпайды . ал таланты түгіл , өз түсінігіне күмәні барлар сылтау айтады , кәнәні бүгінгі замандастарына аударады . болашақтан үміт күтеді. Бірақ , бүгінгі күні де кімнің кім екені , негізінен , белгілі . қазақ әдебиетінде некен – сая демесек , кейде жете танылып , терең таразыланбады демесек , елеусіз , ескерусіз қалып жатқан бірде – бір үлкен талант жоқ . Сыншылар ұмытып кетіп жатса да , бүгінгі ұрақ - замандас оқырман қауым ұмытпай әділетін айтып отыр.

Сыншылар кезінде ескермей , кейінде елеп қарық қылмаса да , ел біліп , сүйіп , бағалап келе жатқан үлкен ақынымыздың бірі - осы Өмірзақ Қожамұратовтың өзі .

Айтарын кезінде батыл да бедерлі , келісті де көркем айта алған анық , аз ақындарымыздың бірі – тағы да Өмірзақтың өзі.

Өмірзақ Қожамұратов – туған жер , ел , Отан алдындағы азаматтық парызды терең сезініп , ақындықтың ауыр да ардақты жауапкершілігінің жүгін қыңбай , қабырғасы қайыспай көтеріп , өмірлі де өрнекті Жиделібайсын ЖЫРЛАРЫН жазған , жаза алған қаламгер .

Оның жырларынан жиденің бұрқыраған хош иісі аңқиды.

Оның жырларынан байсын ой , байсын сезім , байсын бедерлер білінеді.

Мүнің аты – әрине , азаматтық үннің айқындығы , ақындық суреткерліктің сындарлылығы. Өмірзақ Қожамұратов өлеңдері ойға , сезімге ғана бай емес , образға , бейнелілікке де кенен.

«Мен сені қайнардан көрдім ,
Жұлдыздар телмеңдеген.
Сарғалдақ сайлардан көрдім ,
Гүл – қыздар көлбеңдеген.

Мен сені бар маңнан көрдім ,
Сермеген қанатты кең .
Мен сені арманнан көрдім ,
Тербеген ән – аққумен ...»

“ Үзіліп түскен сәуле жүрегімнен ,
Жұртымның жүрегінде жарқылдасын .”

“Жүрегімнің түбінде жатқан айды ,
Жұрт көзінен жасырып мүсіндедім ” .

Бір түрлі таныс бедер . жылы ұшырап барады ма қалай? Сұлулық . Сөздердің билеп , ойнауынан ту,ан , ақындық көкірегіндегі ойдың , сезімнің әсемдігінен , ажарлылығынан туған сұлулық . кімді еске түсіреді ? марқұм аса талантты ақын Төлеген Айбергеновты . несі бар ? Орынды. Себебі Өмірзақ Қожамұратов Төлеген Айбергенов пен әдебиетке қатар келген, дос – жолдас боп қатар қадам басқан ақын ғана емес , ол - Төлеген Айбергеновпен тектес талант. Бұл - оның Айбергеновтен аса алмауы , немесе , оны қайталауы емес , таланттар табиғатының туыстығынан. Төлеген Айбергенов тез өсіп , жылдам жанып жарқыраса , Өмірзақ Қожамұратов кеш жетілді . бәрібір көштен қалып қойған жоқ . Өз ақыныңды қалыптастырды. Жиделібайсынға лайық жырларын жаза бастады.

Бірақ кейде ақын мүлт басады екен. Жиделібайсынға лайық жырлар жаза алмай да қалатын сәттері ұшырасады екен. Бұл неліктен? “ Жалғыз шапқан ат жүйрік ” . Бәлкім , бұған Қазақстаннан жырақта. Өзбек КСР-інің Бұхара облысына қарасты Тамды ауданында “ жеке дара ” жүруі себепкер болды ма екен? Жыр ждодасынан алыста жүрудің аламан бәйгелерге жиі қатыса алмаудың , қатысса да сырттай , саяқ жүріп қатысудың творчествоға , өсіп – өрлеуге әсері аз дей аламыз ба? “ Қарағайға қарап тал өсер , қатарына қарап бала өсер ” , - дейді халық даналығы.

Ендеше Өмірзақтың тұлпар тектес талантының тәрбиесінде , жаратылуында , бабына келуінде бір кемістік жоқ дей аламыз ба? Оған нашар денсаулық және қосылса ... Тұлпар соңынан қиқу естілсе барып шабысқа шабыс үстемей ме? Сонау Тамды өлкесіне , Қызылқұмның бір пұшпағында дара жүрген ақынды дер кезінде танып , рухани демеуімізді де кемшілік жетерлік болғаны анық. Өзінің осал ақын емес екенін өзі сезгенмен , оның қандай ақын екенін оқырман қауым білгенмен , сынның танып – білуінің маңызы зор емес пе? “ Ұлы шығарма жайлы не айталады , мұның маңызы сол ұлы шығарсманның

өзінен бір де кем емес”,- дейді Белинский. Демек , Өмірзақтай үлкен ақынның творчествосы туралы көзі тірісінде қазақ әдебиеті сынында жартымды сөз айтылмауы – қынжыларлық жағдай. Біз мұны ақын Қожамұратовтың қанаты дер кезінде қатып , қыранша самғауына көмектеспеген бір жағдай деп білеміз. Иә , өзінен талантты да , туындысы да он есе олқы ақындар өмірде алдына түсіп кетіп жатса , сыбағасын , әдебиеттегі орнын уақытша болса да иемденіп жаста оның ақынға қоса әдебиетке де зияны мен зардабы зор болуы мүмкін-ақ.

Осындай себептерден шығар , « Жол аяқталмайды » жинағында жалпы тәуір дегенге жарағанмен , Қожамұратов мүмкіндігінен төмен жатқан , Жиделібайсын өлкемізге толық лайық емес өлеңдер де кездесіп қалады.

« Ау , жасыл масатыдай бөктер өңшең ,
Көгілдір жібегімді төккен ең сен.
Қыр гүлін басқым келмей тұр-ау менің,
Амал жоқ құс боп ұшып кетпеген соң.

Шалқиды көгілдір от алдымды орап ,
Ой-көктем! Көздеріңе қалдым қарап.
Оралған құшағыма он сегізбен,
Жібердім домалатып шалғынға орап.

Көкейде көрікті қыз ырғатылып,
Жанарым жаутандаған сырға тұнып :
Бұлқынып ауға түскен ақ шабақтай,
Білдім бе қаларымды шырматылып.

Өткенге көтеріліп басылмаймын,
Көктемде көзге түспес асылдаймын .

Өтермін өз гүлімді әлпештеумен ,
Жұлдызды неғылайын қасында айдың .
Сый беріп сияпатын көктем көрген ,
Ұялып тұрмын жалғыз көкпен жрден .
Ереулеп ертіп шықтым жұбайымды ,
Көшкен ел көтеріліп көк белдерден. ...»

Өлеңді түгел келтіріп отырмыз. Былайша алғанда , онша жаман да емес. Тіпті ортақол ақындарымыздың қолына түсе қалса , асылы , ардақтысы боларлықтай өлең. Бірақ бұл – Өмірзақ Қожамұратовтың ақынлық деңгейі , шыққан биігі үшін аласа өлең. Ең бастысы – балаң өлең. Әдебиет есігін енді ашқан жас ақынға ғана жарасар өлең. Табиғатқа деген мұндай тәтті тамсану , құр өліп-талып ғашық болу , балалық өкініш, балауса нәзіктік қалыптасқан , әлдеқашан өзін-өзі тапқан Қожамұратовтай қаламы қуатты ақынға онша жараспайды. Егер бұл ақынның ертеректе жазған өлеңі болып, пәнейі бір себептермен осы жинаққа енді еніп отырса , онда сөз басқа. Онда біз бұл өлеңді ақынның өлең өлкесіндегі алғашқы сәтті қадамдарының бірі ретінде қарастырамыз...

Ө.Қожамұратовтай қарымды ақынға өзгелерді байқамаса да , байқаса да - ешбір қайталауға болмайды. Ал өзін-өзі қайталау тіпті ыңғайсыз . Өкінішке орай , бұл да ақын творчествосында арагідік кездесіп қалады.

« Көзіңнің қарашығанда
Тұрады әлем айналып » .

« Әйтсе де , жаным , ақ жолдан басқа айталман ,
Көзімде менің көгілдір әлем шайқалған. »
Ұқсас ойлар ма? Ұқсас .

“ Жұмыр жерді жұмыртқаша шайнаған ,

Революция менің басымда !”

(“ Таңғы дауыс” жинағынан)

“ Жұдырықтай беймаза жүрегімде ,
Ақынмын жұмыр жерді сілкілеген .”

(“Жол аяқталмайды ” жинағынан)

Мықты ойлар ма? Иә . Бірақ бізге де , ақынға да осының біреуі-ақ керек.

Арагідік кездесетін мұндай кемшіліктер ақын творчествосында аз. Алайды , Өмірзақ Қожамұратовтай ақын үшін соның өзінің керегі жоқ.

Соның өзі көп.

Оның үстіне Өмірзақ Қожамұратовы Жиделібайсын ақыны болса

Жиделібайсын өлке төсінегі Жиделібайсын тірлікті абзал замандастармен қатар кешіп , күресіп , еңбек еткен ақынның жаман , жасық жыр жазуға қақысы жоқ еді. Өйткені Жиделібайсын сөзінің баламасы – Жерұйық сөзі ғана. Ендеше , оның ақынының жазар жыры да жерұйық жерге , елге лайық жыр болуы шарт. Демек , Жиделібайсынға лайық жыр жазу үшін талантпен тер төгу де аз. Жауакершілікті түсіну де жеткіліксіз жасайды. Шабыт керек. Шалқар шабыт .Игісі – мұны ақын Өмірзақтың өзі де кезінде жақсы түсініп, көбіне - көп шабытты шағында жыр толғапты.

“ Шабытым келген шағында ,

Құдай да бір , мен де бір .

Көзіме сонда көрінсең ,

Құмырсқа да бір , сен де бір.

Талқандап ескі дүниені ,

Жасаймын қолдан қайтадан .

Өлгеннің бәрін тірілтіп ,

Өз үйлеріне қайтарам .

Сахара шөлге қуарған ,
Дарияны айдап түлетем .
Тақырда қаулап ну орман ,
Тасын да жердің гүл етем.

Ұл сұрағанға ұл берем,
Гүл сұрағанға гүл берем.
Қыз сұрағанға қыз берем,
Жыр сұрағанға жыр берем ...”

Біз марқұм ақынның бұл айтқанына бүгінде сенеміз . шабытты шағында ақыннан күдіретті ешкім жоқ. Оның қасында патшаң да жіп есе алмайды , пайғамбарыңда бейшара. Оның алдынада дүние гүлдей иілсе , өзі жерді ұршықтай иіре алады. Жерде де жайнату түк емес , ерді де жарылқай қолында.

Тек өкініштісі : осындай ақынның – Өмірзақ Қожамұратовтың шалқар шабытты сәті , құдай сәті енді қайталанбайды.

Әйпесе , сұрасақ одан бәрінде аларымыз анық еді. Тірі болса, “ Бізге ұл да керек емес, гүл де керек емес, бақ та керек емес, байлық та керек емес , тағы да Жиделібайсмын жырлары керек.! ” – дер едік біз. Бірақ ақын қатарымызда жоқ. Өмірден ерте өтті. Сондықтан қолда бар аөға қанағат. Өйткені сол аздың өзі асыл , анық Жиделібайсын жырлары.⁹

2.3. Тақырыпты жаңа технологиялар негізінде оқыту

Сабақтың тақырыбы: Төлеген Айбергенов поэзиясы

⁹ Қожамұратов Ө.Күн астында –күдірет.2000

Сабақтың мақсаты: 1. Білімділік.

Т.Айбергенов шығармашылығы жайлы алған теориялық білімдерін оқушы есінде қайта жаңғыртып, тереңдете түсу.

2. Дамытушылық.

«Адамдар», «Бір тойым бар» өлеңдері туралы алған білімдерін әр түрлі тапсырмалар арқылы жүйелеу, балаларды тез ойланып, жауаптарын тиянақты айта білуге дағдыландыру.

3. Тәрбиелік.

Оқушының тіл байлығын жетілдіру, Т. Айбергенов секілді өз тілін, елін, жерін сүйе білуге тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: қалыпты, аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: сұрақ – жауап, мәнерлеп оқу, жаңа технология элементтері арқылы түрлендіріп өткізу.

Сабақтың көрнекілігі: Т.Айбергенов шығармалар жинағы, өлеңдер жинағы, слайдтар.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру

II. Үй тапсырмасын сұрау.

8-інші наурыз ақын Төлеген Айбергеновтің жарық дүниеге келген күні.

Отызында жалғаннан жалт беріп, бақиға озған Айбергеновтің сағыныш тұнған жырлары жүректермен сырласып, жасап келе жатыр. Жасай да бермек. Адам мен өмірді Айбергеновше сүю, жырлау, көз алдында жайнаған дүниені Айбергеновтей сағыну - барша адамзатқа бұйырса, онда жер беті әлдеқашан жұмақ болар еді.

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», Абай сүрлеуін салып, Алаштың болмысын адам баласына паш еткен қазақтың түпсіз тұңғиық жер асты суындай тұнық та, мөлдір поэзиясының саф таза сағыныш пен махаббатқа толы мекені - Айбергенов әлемі.

Айбергеновтің ай сәулелі жырлары жанымызды ізгілік пен мейірімге бөлеп, өмірге сүюге үндеп тұр.



Адамдар

О, адамдар, біргемін мен сендермен,

Ықыласыңа еш нәрсені теңгермен.
Сендер менің бақытымның бұлағы,
Сендер менің дарыныма жел берген.
Өздеріңмен өмір шыңын бірге астым,
Жарты құртты бөліп жедім, сырластым.
Дүниеге келгенім жоқ шет жүріп,
Рақатын ойлау үшін бір бастың.
Гүлстанға айналдырған тақырды,
Болат қолдар, алғыр милар ақылды,
Сүйемін мен, сүйемін мен сендерді
Алар демім қалғанынша ақырғы.
Менің үшін бірдей тілің, жынысың,
Көбің ана, көбің аға-інісің.
Достық өскен, ерлік өскен ортаңа
Енген сайын кеңі түсер тынысым.
Не кездесе өздеріңмен көрмекпін
Қарапайым адамдары еңбектің!
Барлығын да бағыштар ем сендерге
Махаббатын маған берсе жер-көктің.
Қолыңнан қала тұрса тас қаланып,
Құдіретіңе табынса аспан алып.
Сен жасаған бақытты көріп тұрып,
Сені сүймеу не деген масқаралық.
Алдымнан көрген емес жол кесіліп,
Келемін демеуіңмен өрге шығып.
О, адамдар, ғапу ет, шалыс бассам,
Кешіріңдер,
Менікі пендешілік.
Ойлай бер мені...

Тағатсыз күткен ыстық үн,
Жаралы хал ғой - ғашық хал.
Күйсандық көрсең, бір тілін
Мені ойлап бар да, басып қал.
Тек қана көзге жас алма,
Ойлай бер мені күніге.
Махаббаттардың қашанда
Ойламау жеткен түбіне.
Жаныма қап ең жақын боп,
Жүректе бүгін сыздау көп.
Мен болсам кеттім ақын боп,
Азырақ бақытсыздау боп...
Жолығар болсам қайта мен
Сағыныш толы сол шақпен.
Бәрін де саған айтар ем
Жалғыз-ақ тамшы моншақпен.

Сағыныш

Сағындым, жаным, мен сені!
Көркінді жүрген қуаныш қылып, мендей ме екен бар ағаң,

Шын інім болсаң, бас ұрма, жаным, өсек-ғайбатқа бораған.
Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те,
Адамның заңғар ұлылығын, сен, сағынышымен есепте.
Онсыз сен тіпті тұлпар да болсаң, қосыла алмайсың қатарға,
Әуелі әбден сағынып алмай, шығушы болма сапарға.
Сағынбай барсаң, теңіз де сенің тебіренбес жастық шағыңдай,
Бұлбұлдың даусын есіте алмайсың, бауларға кірсең сағынбай.
Сағынбай барсаң таулар да сенің алдыңнан шықпас асқақтап,
Ойлауың мүмкін, дүниені мынау кеткен екен деп тас қаптап.
Үмітке толы, арманға толы, әр жерде бр түп қарағай,
Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін, жамырасуға жарамай.
Биікте тұрған таулар да мынау нұрына таңның боялған,
Сені мен менің ғасырлап күткен сағынышымнан ояңған.
Бабалар бізді сағынған, жаным, арманның аңсап биігін,
Әжелер бізді сағынған, жаным, талдырып асқар иығын.
Көкірегінде сағыныш барда, мұрат та сенде бар жаным,
Алдыңда тұрған қыраттың саған көрінбей жатқан ар жағын.
Жазира белдер қуанышыңды болмасын мәңгі шектемек,
Алыңнан орман кес-кестеп шықса, сағынышыңмен көктеп өт.
Мен бұны саған жазып отырмын, арманымды орап сезімге,
Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде.
Сағыныш толы қайтадан толғау, болар да бәлкім қолайсыз,
Дегенмен, жаным, көгілдір дүние сағынбасын арайсыз.
Өмірде мынау, сағынбағандар, бақтсыз, бақсыз, талайсыз,
Қазақтың жыры Абайсыз.
Өткелі қыруар жолдарда жанға батқан да шығар сан ызғар,
Бір қасық суды аңсатқан шығар сан тарам сарша тамыздар.
Бірақ та, жаным, өледі қыран қияға самғап баратып,
Болғасын бейбақ өз жүрегінің сағынышына қарыздар.

О, шіркін, менің сағынышымдай көлемі шексіз болса аудан,
Ондағы жандар көз ашпас еді ау, сағыну менен шаршаудан.
Сүйем мен сені, сүйем мен сені, көкірегі ыстық дүние,
Тұратын түгел сағыну менен аңсаудан!
Сағыныш деген - молшылық қазына, бола да берер артық-кем,
Ал нағыз асқақ сағыныштарда араның балы бар тіптен.
Мен мынау ыстық жүрегімменен қара тасты да сағынам
Қаланып қалса тәртіппен!
Сағыныш деген алдыңда тұрған ақ ала басты көк заңғар,
бақытың сенің - бағытын солай бара жатса алып пәк жандар.
Заманым менің жанарымда алып сағыныш болып жарқылдап,
Ағады тынбай күңіреніп сыңсып, аэропорттар мен вокзалдар.
Сағыныш шалғай сапарларыма жасаған шақта иелік,
Кеудеме менің сан рет кеткен табан астында күй еніп.
қойнымда менің қалғиды бүгін ақ жұпар әлем, қыз-өмір,
Сол сағыныштың кірпіктеріне сүйеніп...
Мен бүгін сонау көгілдір көлге сағынып ұшып барамын,
Бірге қақ қанат, қасымнан қалмай, сағынып көрген қарағым.
Жалғасын сен айт бұл асқақ әннің, жабылып кетсем мен егер,
Ғұлама жылдар судырлатқанда парағын...
Қараңғы түнде қамығып жүрсең, қанатына алып қаусырар,
Бұл өзі, жаным, әйбат-ақ дүние, күні жоқ тіпті таусылар,
Сағыныштар да төбеңнен өтер, түйдек те түйдек көш болып,
Көктемдегі барлық тырнаның даусы бар!
Зулайды ол бүгін - тұсымда менің жаңғырып барып ендікпен,
Сұрша құмдарға, құм шағылдарға тандайы кеуіп сел күткен,
Егер сен жарық жанарыңды алсаң қайғы мен мұңға қаптатып,
Сағынып жүрмегендіктен!
Сағыныш деп ұқ, жүйткісе поезд, босағасына әнді іліп,
Сағыныш деп ұқ, далалар жатса, қалалар жатса жаңғырып.

О, сәлем саған, шартарап қырға жұлдыз боп ағып баратқан,
Өз жүрегімнің түкпіріндегі тұңғиық, түпсіз мәңгілік!

Бір тойым бар

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.
Бірақ... бірақ...
Ешкімді де билетпей қайтармаймын.
Онда ортаға тасталар ұран сондай:
Қайта алмайды қартың да бір ән салмай,
Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам,
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам...
Сәбилерге ағаны үлгі етемін,
Жеңгейлердің толтырам гүлге етегін.
Менің жарым бұл түні кірпік ілмей,
Ақ көңілімен қуаныш бүртігіндей,
Омырауынан бір тәуір шайқап есіп,
Ажырасқанды жүреді қайта қосып.
Мен өзім де ән салам түн ауғанша,
Менің жаным бұл күнге құмар қанша!
Бәйгі берем жығылған палуанға да,
Адалдығы сезіліп тұрар болса.
Қыз қуатын жігітке ат беремін,
Жанам деген жүрекке от беремін.
Мен әйтеуір бар жиған-тергенімді
Бір тамаша той қылып өткеремін.
Біздің үйді сол күні бетке ал қауым,
Нысанаға ап қуаныш тоқталмауын.
Мен бұл тойдан тілеймін жылап тұрып,
Қазанымда бір асым ет қалмауын,

Мен сөйтіп бар шаңнан бір сілкінемін,
Мен сөйтіп рақаттанып бір күлемін.
Кім білсін талай күнгі арманым ед,
Мәңгілік тарқамауы да мүмкін оның.

Географиялық оқулықтардан , карталардан Жиделібайсын деген жерді , өлкені іздеп таба алмайсыз . ал оны іздеп табу үшін тек Өмірзақ Қожамұратовтың өлеңдерін оқыған жөн.

« Маған Мекке , Мәдине , Венеция , Париж не ?
Туған жердің шөліндей ыстық емес , әрине .
Жан анамдй қадірлі менің туған байтағым ,
Жердің жәннат – жұмағы Қызылқұм деп айтамын!

Осы аймақтың тұзы емес пе алғаш рет татқаным ,
Осы аймақтың қызы емес пе алғашқы тіл қатқаным .
Осы аймақта қалды балғын , шырын , шәрбат шақтарым ,
Шапағатым , Махаббатым , Аппағым !

Туған жерім – тәңірім.
Өзіңмен бір соғады қан тамырым .
Аттап өтіп кете алмаймын ешқашан ,
Ата жұрттың қабірін .



Сенсің мәңгі қар шалмайтын жоталым ,
Сенсің зарың сияқтанар боздағаны ботаның .
Сенен ғана басталады мынау әлем , тіршілік ,
Сенен ғана басталады менің шексіз Отаным.

Көтерісіп тұрсың ұлы тірлікті ,
Сенде ұлы тірлік құтты , бірлік құтты , жыр құтты .

Жұмыр жерге жүрек болып от беріп ,
Қуанышын , қайғысын да тұрсың бастан өткеріп .

От , дауылын , Қан боранын , таң нұрын
Жұттың брге , жұттың жұпар жаңбырын .
Жұмыр жермен бірге сенің ,
Менің-дағы тағдырым .

Ей , туған жер !
Бір пұшпағы құрлықтың ,
Мен кішкентай болғаныммен,
Менен ұлы жыр күттің .
Сені ойласам өлген бабам тіріліп ,
Саған қарай жол бастайды бұрылып .
Еш жерде жоқ саған біткен ірілік ,
Еш жерде жоқ саған біткен ұлылық! »¹⁰



¹⁰ Айбергенов Т.Бір тойым бар.2006



Қорытынды

Еліміздің дамуы мен қалыптасуында сан түрлі қажеттіліктерге сәйкес ұлы мақсаттар айқындалып отыр. Оның ең бастысы - еліміздің тұғырын берік ұстап тұра алатын, оны одан әрі дамытып, көркейтетін ұрпақ даярлау. Осы қажеттілікті жүзеге асыру үшін барлық шаралар көрілуде. Қоғамды дамытушы негізгі күш жастар болғандықтан, оның бойында ұлы істі жүзеге асыра алатындай күш-қабілет болуы керек. Ол күш - білім, тәрбие, іс-әрекетте жұмыс орны мәселесі.

Қандай да бір ұлы іс болмасын, ол қашанда сол халықтың, елдің саяси-әлеуметтік, тұрмыстық-экономикалық хал-жайына, көңіл-күйіне, сана-сезіміне байланысты болады.

Еліміздің нығаюына халықтың өзін-өзі басқаруының дами беруіне жастар жан-тәнімен мүдделі.

Өзбекстан Республикасы тәуелсіз даму жолына енді ғана түсті. Оның келешегі алда, біртіндеп дамыған, өркениетті елдер қатарына қосылады. Мұны жүзеге асыратын Өзбекстанның қазіргі жас азаматтары. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, жастарға оқу білім және тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Жас ұрпақтың толық жетіліп қалыптасқан ұлттық сана-қабілетін, түсінік-талғамын, мінез-құлқында, өзіне тән ерекшелік менталитеті болатынын ғылым дәлелдеген

Төлеген Айбергенов – қазақ әдебиетінде өзіндік бет-бейнесі бар, қазақ поэзиясына жаңашыл өрнектер мен айшықтар әкелген, қазақ әдебиетінің мәртебесін биіктеткен, ұлттық рухани қазынамызды әсем де әсерлі жырларымен толықтыра түскен ерекше талант, ерекше ақын. «Ақ жаңбырлар тоздырған тау», «Мен өлемін өзімнің биігімде!» деп ақынның өзі жырлағандай ол әлі де өзі айтқан биігінде тұр. Қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасының доценті Айман Айтбаева «Ай берген ақын - Айбергенов» атты баяндамасында ақынның өмірі мен шығармашылығын терең, мазмұнды, әсерлі әңгімелеуімен оқырмандарды баурап алды. Ақын творчествосының мәңгілігін дәлелдейтін бір ғана мысал «Бір тойым бар»

өлеңі, қазақтың мерейтойларының беташары. Аз ғұмырында өшпестей өлең қалдырған ақын рухы да мәңгі.

Маған Мекке , Мәдине ,

Венеция , Париж не ?

Туған жердің шөліндей ыстық емес әрине...-

деп қарапайым жыр сүйер қауымды ғана емес , «МЕН» деген небір талантты ақындарды да өзіне еріксіз жалт қаратқан тамдылық Өмірзақ Қожамұратов болатын.

Өмірзақ Қожамұратов творчествосының тұтастық танытатын себебі – ақынның дүние танымында , өмірге қатынасында тұтастық бар. Ол қандай бір ұсақ нәрседен де , кішкентай тақырыптан да күллі біледі. Төрткүл дүниенің төрт бұрышындағы қайсы бір жағдайдың да басқа жағдайлармен жалпы байланысы, бірлігі барын зерделейді . немесе , керісінше , жұмыр Жер бетіндегі ортақ құбылыстардан , ұқсас оқиғалардан жеке адамдардың мүддесі мен мұңын табады.

Сондықтан да ол жырлаған қайсы бір жай да , жайт та ақ пен қараның айқасына , күн мен көлеңкенің шарпысуына соғып , тіршілік талайын байқатып жүре береді . Жұмыр жырға айналып құлпырып салады . Ой түйгізеді. Қорыта айтқанда «Жергілікті әдебиет» - бұл Төлеген Айбергенов, Өмірзақ Қожамұратов және тағы да басқа көптеген ақын-жазушылардың арттағы ұрпаққа қалдырар мұрасы, бұл халқымыздың өткені мен қазіргісі, бұл біз үшін естелік.

Осы мұраны ары қарай, болашақ ұрпақтарға, артымыздан ерген балаларымызға жеткізу – біздің парызымыз. Бұл - оқушылары-мызды ата-баба мұрасына, дәстүрлі туған өлке шығармаларындағы игі қасиеттерге ұқыпты болуға, оларды қастерлеуге тәрбиелейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. И.А. Каримов « Биздан озод ва обод Ватан қолсин» 2 том, Узбекистон нашриети. 1996 й.
2. И.А.Каримов. Жоғарғы руханият- жеңелмес күш. Ташкент. 2008 жыл.
3. Өзбекстан Республикасының «Тәлім туралы заңы».Ташкент.1997 ж.
4. Кадрлер дайындаудың ұлттық бағдарламасы.
5. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту куралы ретінде. Алматы, 2002.
6. Педагогика назарияси ва тарихининг айрим долзарб муаммолари. «Фан» 2006 йил.
7. Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу – тәрбие үрдісіне енгізу. Алматы, 2002.
8. Жаңа педагогикалық технологиялар. Алматы,2005 жыл.
9. Педагогика. Х. Ибрагимов. Ш. Абдуллаева.Ташкент.2007 ж
10. Толибов.Т. Педагогик технологияларнинг татбиқий асослари. Ташкент.2006 ж
- 11.Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. 5-11 сыныптар. А., 2000.
- 12.Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. А., 2002.
- 13.Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., 2000.
- 14.Ақшолақова Т. Көркем шығармаға талдау жасау. А., 2001.
- 15.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., 2001.
- 16.Жұмажанова Т. Қ. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. А., 2000.
- 17.Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. А., 2003.
- 18.Ә.Қоңыратбаев. Халық ауыз әдебиеті. 2002 жыл.Алматы.
- 19.Ы.Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы. 2006 жыл.Алматы.
- 20.Т.Қ.Жұмажанова. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А. 2009 ж.
- 21.Қ.Тасболатұлы. Қазақ әдебиеті пәнін оқыту әдістемесі. Тараз. 2002.
- 22.Әдебиет оқыту әдістемесі. 7-сынып. А.2007

- 23.Әдебиет оқыту әдістемесі. 5-сынып. А.2007
- 24.Қ.Ж.Бұзаубақова. Оқытудың инновациялық педагогикалық технологиясы бастауыш сынып оқушысын дамыту құралы ретінде.А.2006.
- 25.Алпыспаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. – Алматы,2000.
- 26.Қоңыратбаев Ә. 4-7 сыныптарда әдебиетті оқыту методикасы. Алматы.
- 27.Мемлекеттік білім стандарты. Алматы, 2000.
- 28.Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдасы. Алматы, 2000.
- 29.Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. Алматы, 2004.
- 30.Дайырова Ә. Орта мектепте І. Жансүгіров творчествосын оқыту.
- 31.Қалиев С. Мектепте Ғ. Мүсірепов шығармаларын оқыту жолдары.
- 32.Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. Алматы, 2001.
- 33.Мақпыров С. Әдебиеттен шығарма жұмыстары. Алматы, 2000.
- 34.Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері.
- 35.Қожамұратов Ә.Күн астында –қүдірет.2000.
- 36.Айбергенов Т.Бір тойым бар.2006.

Қосымша әдебиеттер:

1. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. А., 2001.
2. Мақпыров С. Әдебиеттен шығарма жұмыстары. А., 2001.
3. Құрманбаева Г, Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. А., 2000.
4. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. А., 2000.
5. Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. А., 2000.
6. Қазақ әдебиетін жаңа технологиямен оқытудың кейбір жолдары /методикалық жинақ/.
7. Құсайынов А., Оқулықтану мәселелері. А., 2000.
8. Е.Абдувалитов, Д.Дүйсебаева.Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманауи технологиясы. Оқу қолданба. Ташкент. 2007.

НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ
«Шет тілдер» факультеті Қазақ тілі және әдебиеті бөлімінің

4 «А» -курс талапкері Қанатова Аселдің

**«Әдебиет сабақтарында жергілікті ақын-жазушылардың
шығармаларын оқыту» атты бітіру жұмысына жазылған**

П І К І Р

4 «А» курс талапкері Қанатова Аселдің «Әдебиет сабақтарында жергілікті ақын-жазушылардың шығармаларын оқыту» атты бітіру жұмысымен танысып шықтым

Тақырыптың өзектілігі кәсіптік бітіру жұмысы қазақ әдебиетін оқыту методикаларына білім берудегі инновацион технологиялар негізінде білім беру жолдарына сүйеніп жазылған. Кәсіптік бітіру жұмысын жазу барысында озат, тәжірибелі оқытушылардың әдістерінен пайдалануға тырыстым, ынтымақтастық педагогикана қолдадым. Ынтымақтастық педагогикасы – тәжірибелі ұстаз бен жаңалыққа жаны құштар шәкірттің бір-біріне ізгілік қарым-қатынасы. Баланың тұлға ретінде дамуына мектеп ұжымы, ата-ана, мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық әсері зор.

Талапкер бітіру жұмысын кеңейтілген жоспар бойынша жүйелеп жазған. Кіріспе бөлімінде тақырыпты таңдаудағы мақсаты, маңызы, өзектілігіне назар аударған. Тақырыптың кейінгі бөлімдерін ғылыми пікірлерге сүйене отырып, негізгі материалдарды алып, өзінің көзқарасын нақты айта білген. Әрбір тарауды қорытындылап отырған.

Жоғарыдағы айтылған ой – пікірлерді қорыта айтқанда, талапкердің бітіру жұмысы талапқа жауап береді деп сенемін.

Пікір жазған:

аға оқытушысы Узакбаева Ж.Х.

